

ОЛИМПИАДА – 2020

ТОКИО ДОДАСЫ, АЙРАН-АСЫР КӨҢІЛ



Пандемия қос өкпесінен қысым алқындап тұрғанына қарамастан, әлем халқының құлағы қазір Токиоға түрлі. Былтыр өтуі тиіс XXXII жазғы Олимпиада ойындары карантиндік шектеуге байланысты биылға ауған. Маңызды бұл емес, өзекті өртейтін өкініш біздің елден барған спортшылардың кейбірі шетінен қирай құлауы.

Ең алдымен, қанжығамызды алғаш болып қандаған Елдос Сметовтің қола медаль олжалауы турасында. Рас, әлем чемпионы, Рио Олимпиадасының күміс жүлдегері Елдос Сметовтің есім-сойы judo (дзюдо) күресінен 60 келіде жүлде алады деген сандақтар тізімінің жуан ортасында аталды. Солай болды да. Сметовке Токио төрінде қола медаль бұйырды.

Елдос Сметов Токио төріндегі тартысынан кейін былай деп сұхбат берді. «Жартылай финалда жапон Такатомен жолым түйісті. Байқаймын, Такато маған қарсы финалға шыққандай сезініп, ерекше әзірленді. Мен барымды салдым, еншімде Олимпиаданың күміс медалі бар, енді Олимпиада чемпионы атансам деген арманым асқақ еді, бұйырғаны осы болды».

Былай қарасаң, азаматтық сөзі, шынайы көңілі. Сметовтің сынбаған сүйегі, бұралмаған буыны жоқ шығар. Жарақаты да шілдерлеп, өзін еркін дәлелдей алмауы да мүмкін. Оның себебі де айтылар. Бір анық нәрсе, жапон Такато Сметовке қарсы дайындалмаса да, Токио Олимпиадасының алтыны үшін барын салып жаныққаны Жаратқанға аян. Өз елінде, 126 миллион жапонның алдында тізерлеу Такато үшін тамұқтың отына күймен пара-пар. Сондықтан да сегіз Сметовке қарсы салса да, тоқтамайтыны көзінің отынан көрініп тұрды. Елдостың қола жүлдесі біздің елде judo күресінің дәреже-деңгейі қаншалықты екенін паш етті.

(Жалғасы 2-бетте)

COVID-19

БЕС ӨҢІРДЕ ШЕКТЕУ КҮШЕЙЕДІ



Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент, Атырау және Қарағанды облыстарында карантиндік шектеу күшейтіледі. Бұл туралы Премьер-Министрдің орынбасары Ералы Тоғжановтың төрағалығымен өткен вирустың таралуына жол бермеу жөніндегі комиссия отырысында айтылды.

Бір тәуліктегі көрсеткіш бойынша, вирус жұқтырушылардың 65 пайызы, қайтыс болғандардың 55 пайызы осы аталған аймақтарға тиесілі екен. Сол себепті 2 тамыздан бастап «Ashyq» жобасына қатыспайтын кәсіпорындар мен ұйымдардың қызметі тоқтатылады. Ойын-сауық, спорт шараларын өткізуге тыйым салынады. Мемлекеттік органдар, ұлттық компаниялар мен өзге де ұйым қызметкерлерінің 80 пайызы қашықтан жұмыс істеуге көшуі тиіс.

Сондай-ақ вице-премьер мониторинг топтардың жұмысын жандандыруды тапсырды. Соңғы уақытта рейд жүргізу азайған. Заң бұзушылық тоқтамай тұр. Одан бөлек, біраз өңірде вакциналау қарқыны төмен. Мәселен, Маңғыстау облысында халықтың 25 пайызы ғана екпе алған. Бұл елдегі орташа көрсеткіштен 2 есе аз деген сөз.

(Өз тілшіміз)

АШЫҚ ӘҢГІМЕ

Соңғы кезде «онлайн түрде психологиялық көмек көрсетіп, психологтың атын жамылған алаяқтар көбейіп кетті» деп кәсіби мамандар дабыл қағуда. Үйде оқшаулану, жұмыссыздық, бизнестің тұрауы, отбасындағы кикілжіңнің жиілеуі, адамның үрейін ұшыратын жағымсыз ақпараттардың ағылуы кейбір адамдардың санасын дүр сілкіндірді. Үрейге беріліп, күйзеліске ұшыраған науқастарға кәсіби мамандардың ғана көмектесетінін кейбіреу мойындағысы келмейді.

Республикалық психикалық ғылыми-практикалық орталықтың психосоматикалық бөлімінің қызметкерлерін оңай ақша табуды көздегендердің арбауына түсіп, дерті діңкелеткен науқастардың құтқарушысы деуге болады. Біз бөлім меңгерушісі Айгүл Сүлейменованы әңгімеге тарттық.

ЖАЛҒАН ПСИХОЛОГ ЖАНЫҒДЫ ЖАРАЛАЙДЫ



Jas qazaq: Осы шипа іздегендер жалған психологтарға қалай тап болады?

А.Сүлейменова: Былтыр 24 жастағы жігітті әке-шешесі біздің орталыққа ертіп келді. Жағдайы өте нашар еді. Ата-анасының айтуынша, ұлы күйзелістен қажып, әсіресе, су қоймасына құлап кетемін деген үрейден қорқып, ұйқысынан айырылыпты. Зінгіттей азаматты осындай қорқыныш шарасыз күйге түсірген. Ол су қоймасын көргенде легірісізденеді. Баласының көңіл-күйіне алаңдаған ата-анасы психолог іздейді. Әрине, интернет арқылы маманды табады. Ол психологтың қайда жұмыс істегенін, тәжірибесі бар ма, мамандықты менгерген бе, ол жағын ешкім сұрамайды. Сөйтіп, әлгі адам жігітке психологиялық көмек көрсетуге кіріседі. Оған тоғанға барып секір және мен «ешнәрседен қорықпаймын» деп айта берсең, үрейден арыласың деп сендіріпті.

Жігіт ата-анасымен бірге су қоймасына аттанады. Бірнеше айдан бері жігіттің ұйқысын, тыныштығын ұрлаған үрей жағаға жақындаған сайын аласұрып, қорқынышы үдей түседі. Ол тоғанға жеткенде суицид жасауға бел буады. Себебі наукас бұл проблемадан құтылудың жолы жоқ деген ойға келеді. Тығырықтан шығудың жалғыз жолы өмірмен қоштасу деп түсініп, шешім қабылдайды.

Адамның тағдыры мен денсаулығына бас қатырмайтын мұндай психологтардың көздегені тек ақша табу. Өкінішке қарай, кәсіби психолог, психиатрларды емес, жалған мамандардың қызметін тандап, қомақты қаржы шығындап, ауруын асқындырып алатын науқастардың жиілегені жасырын емес.

Ата-анасы баласымен бірге бармағанда жігітті ешкім ажалдан құтқарып қалмас еді. Осы оқиғадан кейін үрейі ұшқан әке психолог жайлы ақпаратты тексереді. Ол бірнеше жылдан бері жұмыссыз жүрген экономист болып шығады. Екі ай онлайн түрде оқып, «психолог» деген сертификат иеленіпті. Кәсібіне жаңа кіріскен жалған психолог осылай біреудің өмірін опат қыла жаздады.

(Жалғасы 3-бетте)

ТОКИО 2020

ОЛИМПИАДАНЫҢ АЛҒАШҚЫ МЕДАЛІ

ДАҢҚТЫ
БАЛУАН ЕЛДОС
СМЕТОВ ТОКИО
ОЛИМПИАДАСЫНДА
ЕЛ ҚҰРАМАСЫНЫҢ
ҚОРЖЫНЫНА
АЛҒАШҚЫ МЕДАЛДЫ
САЛДЫ.



БИРЖАМЕТР



МУНАЙ (brent)

74,4



DOLLAR

425



EURO

504



РУБЛЬ

5,82



БИЛІК

Осы аптада Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Ақмола облысына жұмыс сапарымен барды. Мемлекет басшысы жаңадан сайланған ауыл әкімдерімен кездесті. Ақмола облысының инвестициялық жобаларымен танысып, өңірді дамытудың басым бағыттарын белгілеп берді.

Мемлекет басшысының Ақмола облысына жұмыс сапары ресейлік «Ростсельмаш» компаниясымен арадағы ынтымақтастық аясында VECTOR410KZ және ACROS астық жинау комбайндарын құрастыратын «KazRost Engineering Ltd.» кәсіпорнының жұмысымен танысудан басталды. Мемлекет басшысы ауыл шаруашылығы техникалары мен тракторлар құрастыратын цехты аралап көрді. Компания директоры Қайрат Қалманбаевтың айтуынша, былтыр 29,5 млрд теңгеге 504 комбайн шығарылған. Биыл жыл соңына дейін 598 комбайн және УТО маркалы, дөнгелекті 300 трактордың төрт түрін шығару жоспарланып

даму перспективалары туралы есеп берді. Аймақтың негізгі әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштері, агроөнеркәсіп, туризм, тау-кен металлургиялық кешені, машина жасау, құрылыс индустриясы, энергетика және басқа да

шешімді аяғына дейін жеткізеді деп ойлаймын, — деді Мемлекет басшысы. Президент әкімдіктің тұрғын үй құрылысы жөніндегі жоспарын қолдады. — Тұрғын үй құрылысына байланысты мәселелерді неғұрлым көп шешсек, соғұрлым мұндай пәтер алғысы



Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ:

БАҒАНЫ ҰСТАП ТҰРУҒА ТЫРЫСАМЫЗ

отыр. Қазір кәсіпорында 162 адам еңбек етеді.

Президент компанияның шығарып жатқан өнімі еліміздің солтүстік өңіріндегі тың жерлер үшін маңызды екенін атап өтті: «Ауыл шаруашылығы машиналарын жасау біз үшін басым бағыт саналады. Үкімет ауыл шаруашылығы мәселелерімен айналысуы қажет. Әлемде не болып жатқанын көріп отырсыздар. Азық-түліктің бағасы 40 пайызға қымбаттады. Біз еліміздегі бағаны ұстап тұруға тырысамыз. Бірақ бұл онай емес. Аталған мәселелерді шешеміз. Әрине, Қазақстан ауыл шаруашылығы дамыған ел болуы тиіс. Біз іс жүзінде өзімізді ауыл шаруашылығы өнімдерімен толық қамтамасыз етуге көшуіміз керек. Қазір ірі компаниялармен және инвесторлармен жұмыс істеп жатырмыз».

Бұдан кейін Президент Ақмола облысының жаңадан сайланған ауыл әкімдерімен кездесті. «Шын мәнінде, ел тарихында осындай сайлау алғаш рет ашық әрі әділ өткізіліп отыр. Халық тарапынан ешқандай шағым түспеді. Мұндай сайлау болған емес. Біз сайлауды біреуге ұнау үшін емес, азаматтардың тұрмыс сапасын жақсарту үшін өткіземіз, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысына аймақ әкімі Ермек Маржықпаев өңірдегі жүзеге асырылып жатқан инвестициялық жобалар мен Көкшетау қаласының

салалардағы инвестициялық жобалар таныстырылды.

Облыс әкімінің есебін тыңдаған Мемлекет басшысы өңірді дамытудың басым бағыттарын белгілеп берді:

— Облыстың алдында бірқатар міндет тұр. Соның ішінде астық жинау науқаны. Әрине, бұл науқанның сәтті аяқталуы табиғатқа тікелей байланысты екенін түсінеміз. Дегенмен табиғи жағдайлардың кері әсерін мейлінше азайтып, астықты барынша мол жинау керек. Екіншіден, биылғы жаз не көрсетті? Мал шаруашылығымен айналысатын қожалықтар мал сатып алып, өздерін фермерміз деп атайды. Бірақ жем-шөп қорын әзірлеуді ұмыт қалдырады. Сіздің баяндаманызда бұл мәселенің қамтылғаны дұрыс болды. Қазір осы түйткілді шешумен айналысу керек.

Қасым-Жомарт Тоқаев Көкшетау қаласының тұрғындарына берген уәдесінің орындалуы және жылу электр орталығының құрылысына кірісу қажет екенін айтты.

— Көкшетау қаласы өз жылу электр орталығы жок, тек жылу қазандықтары ғана бар жалғыз облыс орталығы болып отыр. Бұл жобаның құны бірнеше есе өсіп, 240 миллиард теңге болды. Біз бұдан аздау қаржыға жоспарладық, бірақ жуырда тиісті шешім қабылданады. Бұл облыс орталығында тұратын халықтың тұрмысын жеңілдетеді. Сондықтан мұны жүзеге асыру керек. Үкімет аталған

келетін адамдар көбейе түседі. Аталған мәселені реттеу қажет. Ешқандай негізсіз әлеуметтік тұрғын үй кезегіне тұрған адамдар тиісінше електен өткізілуі керек. Бірақ мемлекеттің негізгі қызметі азаматтардың алдындағы өз міндеттемелерін орындау емес пе? Оларды әуре-сарсаңға салуға мүлде болмайды, — деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев ауыл әкімдерінің тікелей сайлауын өткізу туралы шешімнің дұрыстығына тағы бір мәрте тоқталды. Президенттің айтуынша, сайлау ашық әрі әділ өтті. Тұрғындар тарапынан ешқандай шағым түскен жоқ. Ауылдағы ағайын өздерінің елді мекендерін басқаруға қолайлы көрген адамдарын сайлады.

— Енді, жергілікті әкімдер өздерін сайлаған азаматтардың алдында тікелей жауап береді. Олардың өз бағдарламалары болды. Сол бағдарламаларды жүзеге асыруы қажет. Сонымен қатар облыс әкімдері сайланған азаматтарға көмектесуі керек. Осы ретте мен мына мәселеге ерекше мән бергім келеді. Сайланған әкімдер өздерінің кездейсоқ сайланбағанын іспен дәлелдеуі қажет. Олар өз бағдарламаларын сөзбен емес, іспен орындауға тиіс. Өкінішке қарай, біз көп сөйлеп, аз іс атқарамыз. Ал біз бұл жағдайды 180 градусқа өзгерткеніміз жөн, — деді Мемлекет басшысы.

Талап ТІЛЕГЕН

Олимпиада – 2020

(Басы 1-бетте)

ТОКИО ДОДАСЫ, АЙРАН-АСЫР КӨҢІЛ

Judo күресінен Ерлан Серікжанов, Жансай Смағұлов, Дидар Хамза, Ислам Бозбаев, қыздар арасында сынға түскен Галбадрах Отгонцэег те қарық қылған жоқ, екінші айналымда тоқтады.

2012 жылы Лондон Олимпиадасында ауыр атлеттеріміз алтыннан тау тұрғызғанда төрткүл дүние төңкеріліп түскен болатын. Артынан антидопинг агенттігі мәселені май шаммен қарап, атлеттердің зәрі мен қанын қатаң қадағалап, ақыры допинг тауып тынған болатын. Соның кесірінен Олимпиаданың медальін қайтарып алып, бірнеше спортшыны додалардан шеттеткен-ді. Бүкіләлемдік антидопинг агенттігі (*WADA*) бізге Токио Олимпиадасына екі спортшы ғана қатысуға рұқсат етті. Ерлер арасында Игорь Сон мен Зүлфия Чиншанло қола медальмен оралды. Қаздай тізілген қазылардың біздің спортшыларға әлі де жұмсара қоймағанын қазымыр көзқарасынан аңғардық. Игорь Сонның да, Зүлфия Чиншанлоның да кей көрсеткішін бағаламай қойды.

Тәэквондодан Өзбекстанның 19 жастағы спортшысы Ұлықбек Рашитов Токио Олимпиадасының чемпионы атанды. Ал біздің Руслан Жапаров ұзаққа бармай, екінші жекпе-жегінде жеңілді. Түркиядан шақыртып жерсіндірген Жансел Деніз де іріктеуден өте алмады.

Құралайды көзге атқан елдің ұрпағымыз дейміз, спортшыларымыз садақ ату сынында Үндістан мергендері алдында мүлт кетіп есе жберді.

Қылып тұрған қылышы қиып түсетін казактың семсерлесуші Руслан Құрбанов та жұлде жұртына жақындай алған жоқ. Бірінші жекпе-жегінде италиялық спортшыны ұтып, екінші айкасында жапон жампозынан ұтылды.

Теннисшілеріміз жарысты жалғастырудан бас тартуды басынан күн өткенімен байланыстырды. Зарина Диастың жаракаты сыр берсе, Юлия Путинцева мен Ярослава Шведова Токионың аптабы анкасын келтіріп, жарысты жалғастыруға келергі келтіргенін айтты.

Қазақстан тәуелсіз ел ретінде жазғы Олимпиада ойындарына 1996 жылдан бері қатысып келеді. Токиоға дейін алты жазғы Олимпиада ойындарына спортшыларымыз қатысты. Алтын медальсіз оралған емес. Оның ішінде үміт жүгін үгітпей, аркалай білген боксшыларымыз еді. 1996 жылы Атланта Олимпиадасында Василий Жиров, 2000 жылы Сидней рингінде Бекзат Саттарханов, Ермахан Ыбырайымов, 2004 жылы Афина Олимпиадасында Бақтияр Артаев, 2008 жылы Бейжің додасында Бақыт Сәрсекбаев, 2012 жылы Лондонда Серік Сәпиев, 2016 жылы Рио Олимпиадасында Данияр Елеусінов алтынмен апталып, байрағымызды биікте желбіретті.

Ал енді Токио төріне тігілген рингтегі жағдай көңіл көншітпейді әзірге. Ен алдымен, Рио Олимпиадасының күміс жүлдегері Василий Левиттің нокаутпен ұтылғаны турасында. Ауыр салмақтағы саңлақты сынаушылардың саны жақтаушы жанкүйерге қарағанда басым болып тұр. Левиттен көпшілік Олимпиаданың жүлдесін күтті. Бес жыл бұрын Бразилияда өткен жазғы Олимпиаданың финалында ресейлік боксшыға төрешілер көпе-көрнеу жығып беріп, алтыннан айырғанда қарымтасы Токиода болады деп сенді көпшілік. Сондықтан да Левитке орасан сенім артты. Секектеп жүріп сілтеп қалу мәнері бүгінде ескіріп, тозған бокста. Кеңестік бокс мектебінің сарқыншағы саналатын секіре жүріп, ұрыс салу бүгінгі бокстың бөлшегі емес. Бүгінгі бокс кәсіпкой стильге қарай ойысқан, түрткілеп жүріп ұпай алжалаушылардан гөрі ауыр соққысын жарқ-жүрк дарытатындардың дәуірені жүріп тұр. Дәлел керек болса, кешегі испандық Эмануэль Рейестің тура соқксы шықшыттан жарқ ете қалғанда құлаған Левиттің басындағы жайт. Біздің боксшымыз секіріп жүріп соқы сілтейтін сәтін күткенде қарсыласы қақпанына түсіріп кетті.

Токио Олимпиадасында медаль алады деп сенген саңлақтың бірі — Абылайхан Жүсіпов. 69 келіге ауысқан Абылайхан жасөспірімдер арасында Олимпиада чемпионы, жастар арасында әлем біріншілігінің жеңімпазы атанған боксшы. Алғашқы айналымда сүрінді, Серік Теміржанов та тұңғыш рет қатысқан Олимпиадасының бірінші жекпе-жегінде сүрінді. Қыздар арасында Надежда Ребяц та бірінші жекпе-жегінен өтпеді. Ендігі үміт қалған боксшыларда. Велоспорттан Алексей Луценко келелей сында 32-нәтиже көрсетті.

Токио төрінде күрес түрлерінен балуандарымыз да белдесулерін бастайды. Қазақ балуандары арасынан шыққан тұңғыш Олимпиада чемпионы Жақсылық Үшкемпіров «Менің арманым — тәуелсіз Қазақ елінің балуандары Олимпиаданың биігіне шыққанын көріп, қолтығынан демеп құттықтау» деп еді. Қазақтың жампозына айналған Жақсылықтың арманын балуандарымыз орындай алса, қанеки.

Қуаныш ПАХМЕТ

Жас келсе – іске

Осыдан екі жыл бұрын Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен президенттік жастар кадрлық резерві құрылғаны белгілі. Жастарды осы резервке іріктеу 2019 жылдың қыркүйегінде басталды. Сол кезде түрлі салада еңбек етіп жүргендер бәсекеге түсіп, бақ сынасты. Алға суырылып шыққан 300 жас президенттік кадр резервіне енді.

Жас қазақ топ жарған жігерлі жандардың пікірін тыңдап көрді.

Асхат МАНАТБАЕВ:

«МАҚСАТЫМ – МЕМЛЕКЕТПІК ҚЫЗМЕТ САЛАСЫНА ҮЛЕС ҚОСУ»

«Өз басым пезиденттік жастар кадрлық резерві жобасы арқылы үлкен тәжірибе жинақтадым. Бүгінде Алматыдағы консалтинг компаниясында басқарушы директор болып жұмыс істеймін. Біздің компания инвестициялық консалтингпен айналысады. Біз әр түрлі салалық компанияларды инвестиция тарту бойынша сараптамадан өткізуді қадағалаймыз. Міндетіміз — инвестиция тартуды жеделдету, оған әрі қарай серпін беру.



Басты мақсатым — мемлекеттік қызметке араласып, оның дамуына үлес қосу. Менің президенттік жастар кадрлық резервінде ұсынған жоспарым да осы. Шағын бизнесті дамыту үшін кәсіпкерлерге көмек көрсету керек. Біздің елімізде кәсіпкерлікті арттыруға болатын өңірлер бар. Ол жерде кәсіпкерлердің білімі мен біліктілігі жетпей жатады. Шағын бизнеске ден қойған адамға кәсіпкерліктің қыр-сырын үйрету маңызды. Сондықтан осы саланың дамуы үшін бар үлесімді қосамын».

Тимурхан ЖАРМАХАНБЕТОВ:

«ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТПЕУ САЛАСЫН ҚОЛҒА АЛСАҚ»

«Мен Қытайда білім алып, магистрлік дипломымды «Бір белдеу, бір жол» жобасы бойынша қорғадым. Бұл жоба біздің еліміздің дамуына қалай әсер етеді? Бұл бағытта ауыл шаруашылығы саласы бойынша бірқатар мәселелерді зерттедім. Президенттік жастар кадрлық резерві менің бастаған ісімді әрі қарай дамытуға үлкен мүмкіндік берді. Жобаға қатысқанымға қуанамын. Өте тартысты әрі қызықты өтті. Жаңа кезең сайын тапсырма киындап, әр сатыдан өткен кезде үлкен жауапкершілікті сезіндім. Бұл жоба елім дейтін азамат үшін, оның алға қойған мақсаты үшін таптырмас жоба, әрі үлкен жауапкершілік. Біздегі басты мәселе — ауыл шаруашылығы саласын дамыту бойынша арнайы мамандардың тапшылығы. Мысалы, ғылыми-зерттеу саласын алып қарасақ, бұл салада да маман тапшылығын көреміз. Бізде аграрлық университеттер бар. Олар білім және ғылым министрлігімен бірлесе отырып, қандай мамандықтың манызы бар, соны ен алдымен көрсетуі керек. Олар бірлесіп бізге нақты қандай мамандықтың керек екенін айтса дейміз. Біз, ең алдымен, ірі аграрлық



мемлекеттермен байланыс орнатып, келісімге келсек дұрыс болар еді. Біз олардың тәжірибесін өз елімізге енгізе аламыз. Бізге ең алдымен ғылыми-зерттеу институты мен техниканы жанартуды қарастырғанымыз жөн. Бізде еліміздің басым бөлігі ауылдық елді мекендерде тұрады. Ең алдымен, ауылдағы жастардың ауылда қалуын қолдауымыз керек. Ауыл жастарына белгілі бір деңгейде жеңілдік беруіміз керек. Жастардың ауылда қалып, жұмыс істей алатындығын алдын ала сұрап, іріктеуден өткізіп алған жөн».

Жазып алған Мақпал НОҒАЙБАЕВА



Әуелі еліміздің ұзақ мерзімді даму стратегиясы жасалды. Әлемнің дамыған отыз мемлекетінің қатарына қосылу мұрат-мақсатына жету жолында кезең-кезеңмен адымдап келеміз. Ең маңыздысы — әу бастан бағдары анық Қазақстан жолын айқындап, одан онды-солды ауытқымадық. Әрине, мемлекеттің құрылымын мықтап, нығайту ісі аяқталмайды, үздіксіз жалғаса береді. Өйткені даму заңдылығының шарты солай.

Ал «біткен іске сыншының көп» болатынын ата-бабаларымыз бұрыннан айтып қойған. Сондықтан сындарлы-конструктивті пікірді қабылдап, елірген әсіре сын мен мінішілердің босқа арамтер болып жүргенін айтуға тиіспіз. «Жаманды жақсы десен — шалқаяр, жақсыны жаман десен — жалпаяр» нақылы да — бір сабақ.

ОРНЫ ОРАСАН ОТЫЗ ЖЫЛ

Тәуелсіз еліміздің мемлекеттік тарихи шешімдері мен саяси бағдары, әлеуметтік-экономикалық саясаты әр жылдары да, мерейлі белестерде де біршама айтылып та, жазылып та келеді.

Ал халқымыздың кеңес дәуіріндегі жағдайының қалай болғанын еске түсіріп, ой елегінен өткізу артық бола қоймас. Бұл — ұрпақтар сабақтастығының алтын көпірі — аға және орта буын өкілдерінің өз көзімен көрген шындығы. Ақиқатын айтсақ, арамызда әлі де осы күннің жетістігін елеп-ескерудің орнына, өткен күнді ансайтын жандар жоқ емес. Олардың жадын жаңғыртып, рәміздік мәні бар елеулі жетістіктерді есіне салу орынды деп ойлаймыз.

Бірінші, Тәуелсіз ел болмасақ, мемлекетіміздің жаңғыру тұғыры ретінде Қазақстанның жана астанасы — Нұр-Сұлтан қаласы салынар ма еді?



Әлем көз тігіп, көрші елдер тамсанып, танырқап отырғанда, жылдан-жылға көркейіп келе жатқан, мәдениет пен өнер ордасына, білім мен ғылым ошағына айналған осындай заманауи шаһармен неге мақтанбасқа?

Екінші, кез келген мемлекетте халқының тәу ететін киелі орны болады. Біз үшін, бүкіл түркі жұрты үшін заманында атағы әлемге мәшһүр болған қасиетті қала — хандар мен билердің, батырлар мен даналардың әзиз сүйегі қойылған мекен — тарихи Түркістанымызды қайта түлетіп, түрлендіруді қолға алдық. Бұл да — ел Тәуелсіздігінің жемісі. Ата-бабаларымыздың «Түркістаным, тұтас бол! Түркі жұртым, түгел бол!» деген арманын, өсиетін егемен ел болып қана жүзеге асыруға мүмкіндік туғанын неге айтпаймыз, жырламаймыз? Әлде мұны өзгелер айтуға тиіс пе еді?

Үшінші, шүкір, бастан өткерген көп қиындыққа қарамастан, халқымыздың, ұлтымыздың саны өсті. Санынан бұрын сапасы да артып келеді, яғни тәуелсіз сана-сезім қалыптасты. Басты байлыққа — адамның денсаулығына маңыз беріліп, өмір сүру ұзақтығы артты. Мемлекеттік рәміздер асқақтап, ұлттық салт-дәстүрлер жаңғыра бастады. Төл тарихымыз қайта зерделеніп, халықтың береке-бірлігі артты, ұлт рухы оянды. Қазақ мектептері мен бұқаралық ақпарат құралдары көбейді. Маңызды саяси-тарихи оқиғаларға, аштық пен саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтауға пәтуа жасалынды.

Өткенді бүгінмен салыстыра қарау — естелік айту ғана емес, өскендіктің, естіліктің, әділеттіліктің белгісі. Барша ел, ұлт, қауым жүріп өткен жолымен бағаланады. Қазіргі бағыт-бағдарымен, ісімен адамзат көшіндегі деңгейі өлшенетінін ұмытпаған жөн. Сондықтан тәуелсіздік алған отыз жылдың мұқдарында мемлекетімізде не өзгергенін, қалай өзгергенін ел де, әлем де көріп отыр.



Имандылыққа, қайырымдылыққа деген көзқарас нақтыланды. Елде орнаған бірлік пен татулық баянды тіршілігіміздің арқауына айналды.

Төртінші, Тәуелсіздіктің бастапқы кезеңінде, 1993 жылы Елбасы пәрменімен дүниеге келген «Болашақ» бағдарламасының да орны бөлек. Әлемнің үздік оқу орындарының есігін

ашып берген теңдессіз жоба 14 мыңнан астам жастың елге оралып, ғылыми-зерттеулер ісімен айналысуына, Үкіметте, министрліктер мен жергілікті атқарушы органдарда, квазимемлекеттік секторда жемісті еңбек етуіне мүмкіндік берді. Жастарының білімін, адами әлеуетін пайдаланған елдің ғана болашағы зор болмақ.

Бесінші, мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасынан басталып, «Рухани жаңғыру» ұлттық тұжырымдамасымен жалғасқан тарихты, руханиятты қалпына келтіру мен қазіргі қоғамның игілігіне жарату ісі — ғасырлық мәні бар қайта өрлеу мен отарсыздандудың өркениетті өрекеті, қозғалысы екенін ұмытпалық.

Алтыншы, дүниенің төрт бұрышына тарыдай шашырап кеткен қандастарымызды атамекенге қайтару ісі тәуелсіздік жеңісінен соң ғана қолға

алынды. Мұндай абыройлы парызды орындау бұрын-соңды түсімізге де кірмегенін неге ұмытып кетеміз? Әлемнің әр түкпіріне тарыдай шашылған қандастың бір миллионының басын атажұртта түйістіру, орнықтыру онай шаруа емес. Бұл — көп мемлекеттің арманы мен аңсары. Әділеттілік жолында елдіктің мұратынан туындайтын мұндай ауқымды шаралар ұзағынан сүйіндіре берсін дейміз.

Жетінші, Қазақстан тәуелсіздігі шежіресіндегі тағы бір тарихи оқиға — латын графикасына көшу. Елбасы мұны «Қазақстан-2050» стратегиясында 2025 жылғы меже ретінде айқын жазды. Әрине, әбден пысықталған, ғылыми негізделген әліпбиді таңдау үшін ғалымдарымыз әлі де еңбек етіп жатыр. Әлемдегі ақпараттың 90 пайызы латын графикасында жарық көретінін, сол ақпарат арқылы ғылым мен технология дамитынын ескерген бұл елдік байлам — тәуелсіз елдің байлыпты ұстанымы, оң шешімі. Бұл қоғамдық, ұлттық сананы өзгертуге ықпал ететін құтты қадам болмақ.

Тәуелсіздігіміздің мерейлі отыз жылында саналы адамға ой салатын жетістіктерімізді барша отандастарымызбен бөлісек, оның да елдік мақсаты, қалпы, жөні бар.

Дархан МЫНБАЙ,
*Мәжіліс депутаты,
«Nur Otan» партиясы
фракциясының мүшесі*



(Басы 1-бетте)

Себеппіз уайымға салыну, салы суға кету, ұйқының бұзылуы, үнемі шаршау, ешнәрсеге құлқы жоқ,

— психоз. Оны психикалық денсаулық орталықтарында емдеуге болады. Кәсіби, тәжірибелі психиатрлардың көмегімен науқастың аурудан айығып кетуге толық мүмкіндігі бар. Өкінішке қарай, әлі де жалған емші, психологтарды жағалап жүргендер көп.

ЖАЛҒАН ПСИХОЛОГ ЖАНЫҢДЫ ЖАРАЛАЙДЫ

аландаушылық, күйгелектіктің алдымен себебін анықтау керек. Сондықтан жүйкені зақымдаған кеселге кәсіби мамандар ғана көмектеседі.

Jas qazaq: Расында да, қазір әлеуметтік желіде психологтар қаптап кетті ғой. Солардың кесірінен психологиялық көмекке зәру адамдардың зардап шегетіні өкінішті.

А.Сүлейменова: Олар арнайы кәсіби көмек көрсетпейді. Психикалық аурудан жүйкесі қалжыраған, шаршаған адамға басқа бағытты сілтейді. Бұл өте қауіпті. Себебі пациенттің уақыты зая кетеді. Ауру белгілері анықталғаннан кейін, сапалы көмек көрсетілмеген жағдайда кесел асқынып кетеді. Тіпті суицидке итермелейтін кездері де жоқ емес. Сондықтан барлық психолог осы мамандықтың жілігін шағып, майын ішкен деп айтуға болмайды. Меңгерген білімі, тәжірибесі жеткіліксіз болуы мүмкін. Қалай десек те, наукас дертінің белгілі бір



Jas qazaq: Пандемия біздің өмір сүру салтымызды өзгертті. Психологтар да қашықтан кеңес беруге мәжбүр. Сіз кәсіби, тәжірибелі психиатрсыз. Мұндай емге қандай пікір айтасыз?

А.Сүлейменова: Онлайн психологиялық кеңес білікті, тәжірибелі мамандардан үлкен дайындықты, жауапкершілікті талап етеді. Әрине, пандемия тұсында бәріміз ортақ тәртіпке бағынамыз. Дегенмен мен онлайн кеңес беруді құптамаймын. Психиатрия ғылымы сондай ерекше сала. Психиатр көмекке мұқтаж адамды міндетті түрде көруі керек. Оның қимылын, көзқарасын, қалай кірді, қалай отырды, қалай жауап береді? Соның бәрін көзбен көру керек. Психиатрдың мұндай ақпаратты алуына кедергі болмауы керек. Наукас психологқа өз еркімен келмейді. Онлайн кеңестің тағы бір кемшілігі,



шеңберден шығып, оның қозуы байқалған жағдайда кәсіби дәрігерлердің көмегі қажет екенін ұмытпау керек.

Jas qazaq: Сонда жалған психолог екенін қалай анықтауға болады?

А.Сүлейменова: Бұл енді мүмкін емес. Қазір оларға сұраныс жоғары. Көпшілігі үйден шықпай психологиялық көмек алып, жағдайын жақсартқысы келеді.

Бізге жақында бір зейнеткер келді. Оны органикалық дегірісіздік мазалаған. Ұйықтамайды. Ұйқысы қанбаған адам жынды болады деген сөзге сеніп, қатты уайымдайды. Оған біреу «Шымкентте керемет емші бар» деп кеңес береді. Емші ер адам екен. Тасқа дұға оқиды. Дұға оқылған тасты 40 мың теңгеге сатып алады. Әлгі алматылық апамыз ерімен бірге Шымкенттегі емшімен онлайн түрде байланысқа шығады. Емші «Тасқа дұға оқып, поштамен жіберемін. Сол тасты алып, үйіне қойсаң көмектеседі» деп қатты сендірген. Қарт кісілер баладай сенгіш емес пе? 40 мың теңгеге сатып алған тастың әсерінен қария ұйықтайтын болады. Бойын билеген дегірісіздік, мазасыз күйден құтылады. Біраз уақыт өткеннен кейін оның жағдайы мүлдем нашарлайды. Ол тағы әлгі емшіге хабарласып, денсаулығының күрт нашарлап кеткенін айтады. Емші тастың күші кеткенін және тағы дұға оқып, екінші тасты жіберетінін айтады. Тағы да 40 мың теңгеге тас жібереді. Бірақ бұл жолы онысы қарияға көмектеспейді. Ақырында апаны балалары біздің орталыққа алып келді.

Ол кісіге енді ұзақ емделу керек. Ауру жаңа бас көтергенде, белгілері пайда болғанда біздің орталыққа келсе, бәлкім, қарияны тыныштандыратын дәрілермен емдеуге болар еді. Дегенмен қазір жағдайы жақсы.

Ақпараттық технология қарыштап дамыған заманда емші, молдаға сеніп, өз жанының өміріне қауіп төніп тұрғанына көз жұматын адамдарға таң қаламын.

Бірде бес баланың анасын қабылдадым. Ол бауырының қазасынан кейін жарты жылдан бері психологиялық кеселдің құрсауына шырмалған. Ер адамның дауысын естиді екен. «Күйеуімді, қыздарымды қылқындыр» деп әлгі дауыс бұйрық береді. Түнімен ұйықтамайды. Күйеуі әйелімен алысып шығады. Бірақ дәрігерге бармайды. Ері молдаға алып барады. Ол әйелдің ішіне жың кірген деп қамшымен сабайды. Әйелдің аяғы көкала, аркасы көкпенбек. Оның жан дүниесіндегі дерті аздай тән жаракатының азабы қосылады. Ал шындығында, оның кеселі

адамның суицидті жағдайын байқауы қиын. Қолының терісін тілді ме, тағы қандай дене жаракатын жасағанын қашықтан көру мүмкін емес. Онлайн кездесуде наукас мұны бүгіп қалуы да мүмкін. Бетпе-бет кездесуде психиатр мұның бәрін қалт жібермейді. Біз денесіндегі тыртқы неден пайда болғанын сұраймыз. Сондықтан психиатр мүмкіндігінше пациентпен жүздескені абзал.

Jas qazaq: Вакцинаға қатысты қазір елдің ойы қак жарылады. Вакцина туралы адам шошитын ақпарат көп. Сіздерге осындай үрейін айтып, хабарласқандар болды ма?

А.Сүлейменова: Иә, елдің үрейін ұшырған тақырыптың бірі — вакцина. «Чип бар ма» дейді, «бізді бағдарламаға енгізіп тастай ма» деген сұрақтарды жиі қояды. Мен «Өзім екпе салдырмын. Ең бастысы, мен өз денсаулығым үшін вакцинадан бас тартпаймын» деп түсіндіремін.

Jas qazaq: Психосоматика қандай ауруларды емдейді?

А.Сүлейменова: Психосоматика — ауқымы кең тақырып. Емханаларға ем іздеп баратын тұрғындардың 99 пайызы — біздің пациенттер. Дегірісіздік, күйзеліс және ұйқысыздықтан, аландаушылықтың дауасын іздеп, басқа мамандардың есігін қағалы. Тараздан бір әйел түсті. Жасы алпыста. Бұрын мейірбике болып жұмыс істеген. 2017 жылдан бері күйзелістің шырмауында жүр. Бәлкім, жасына байланысты күйзеліс пайда болған шығар. Алғашқы белгісі — ұйқысыздық. Алай-дүлей сезім күні-түні маза бермейді. Ол терапевтке, кардиологқа барады. Эндокринологқа барады. Барлығы «сіздің денсаулығыңызда кінәрат жоқ» деп шығарып салған. Міне, бес жылдан бері ешқандай ем қонбаған. Ақыры психиатрға келді. Тараздық әйелдің диагнозы — күйзеліс және аландаушылық. Тамақ ішпейді. Таңғы бесте оянады. Әрі-бері үйдің ішінде жүреді. Кешке сағат жетіде нәр татуы мүмкін. Бірақ ішті алай-дүлей еткен кесел маза бермесе, төбеті жоғалады.

Қазір біздің бөлімде жиырма екі наукас ем алып жатыр. Олардың ауруларының түрі де, себебі де әр түрлі. Біздің мақсатымыз — сол кеселдің шығу тәркінен анықтап, ем белгілеу. Сондықтан оқырмандарға кәсіби психолог, психиатрлардың көмегіне жүгінініз, неғұрлым ертерек келсеніз, тығырықтан тез құтылуға мүмкіндігініз бар деп ашық айтамын.

Jas qazaq: Сұхбатыңызға көп рахмет!

Жазира БЕҒАЛЫ

Мегалполис

ТАБИҒИ БАЛ САТЫП, ТАБЫСҚА ЖЕТПІ

Шымкенттік жас кәсіпкер Абылайхан Еркін «Bal Bereke» сауда маркасымен ерекше өнім шығара бастады. Қазірдің өзінде ол қала дәріханаларында сатылуда. Сатылымға түскен өнім — түрлі коспасы бар бал. Оның жеті түрі бар. Бүкіл әлем коронавирустық пандемия жағдайында өмір сүріп жатқан кезде, қара зере майы мен зімбір қосылған бал ерекше сұранысқа ие болып тұрғаны жасырын емес.

Абылайхан жаңа бизнесті бастау идеясы өткен жылдың жаз айларында пайда болғанын айтады. Дәстүрлі медицина әдістерін қолданатын таныс дәрігері иммундық жүйені күшейткісі келетін, алайда соның жолын таппай тығырыққа тірелген таныстары үшін балды қара зере майымен араластырыпты. «Мұндай өндірісті неге өз қаламызда қолға алмасқа?» деген жас кәсіпкер он ойланып, жүз толғанып, осыны зерттей бастайды. Ең алдымен зертханалық сараптама жүргізеді. Тәтті және пайдалы өнімдер шығаруға құқық беретін сертификаттаудан өтіп, қажетті жабдық сатып алады.

Содан кейін өнімнің алғашқы сынамалық партиясын шығарып, әлеуметтік желіге жарнамасын қояды. Бағасына келсек, балдың жарты литрі үш мың теңге. Бірақ соған қарамастан, сатып алушылар тарапынан үлкен қызығушылық байқалады.

түрде қол жеткізуге болады. Сонымен қатар, балдың құрамы мен қасиеттері толығымен сақталады. Ол ашымайды және бұзылмайды. Шынында да, дайындалу процесінде ешқандай қоспа, эмульгатор немесе тұрақтандырғыш қолданылмайды. Өнім тек араластыру арқылы кремге айналады. Жаңғақ, жержаңғақ, бадам қосылған бал кремі — нағыз ем, — деп түсіндірді.

Болашақта танқурай, құлпынай, қарақат қосылған бал өндірісін қолға алуды жоспарлап отырған Абылайхан дұрыс тамақтану мәдениетін бала кезден қалыптастыру керек деп



ШЫМШАҒАРДЫҢ ЖАС КӘСІПКЕРЛЕРІ



Абылайхан Еркіннің айтуынша, досы Әдиш екеуі кәсіп бастамас бұрын бастапқы капитал үшін бір жарым миллион теңге қажет болыпты. Тауарды алдымен діни заттар сататын мұсылман дүкеніне өткізеді. Ол жерде сұраныс бар екеніне көз жеткізген соң кәсібін кеңейтуді шешіпті. Олар қаладағы ең ірі дәріхана желілерінің бірімен келісім жасасып, бір-екі айдан бері бал өнімдері қала дәріханаларында сатылуда.

— «Перғауындардың алтыны» деп те аталатын қара зеренің пайдалы қасиеттері ғылыми зерттеулермен дәлелденген, — дейді Абылайхан. — «Қара зере өлімнен басқа барлық ауруларды емдейді» деген Мұхаммед пайғамбарымыздың (с.ғ.у.) сөздері жиі айтылады. Аталған өнім ежелгі заманнан бері иммунитетті арттыратын зат ретінде белгілі. Сонымен қатар ол ас қорытуды жақсартады, ағзадағы қалдықтар мен токсиндерді шығаруға көмектеседі, холестеринді төмендетеді, зат алмасу процесін жақсартады. Қара зере құрамына кіретін тимохинон антиоксидант болып саналады. Оның арқасында дененің жалпы тонусы жоғарылайды және жұмыс қабілеті жақсарады. Ал қара зере қосылған балдың емдік қасиеттері туралы сағаттап айтуға болады. Алайда бұл емдік өнімді кез келген адамның іше беруіне болмайды. Оны қант диабетіне шалдыққан науқастарға, асқазан жарасы бар адамдарға және жүкті әйелдерге қолдануға болмайды. Мұндай балдың бір ас қасығын таңертен және ұйықтар алдында аш қарынға жеу керек.

Шымкенттік кәсіпкер алдымен Алтайдан әкелінген балды пайдаланды. Бай кен орындарымен танымал жер қойнауы тау өзендері мен бұлақтарды микроэлементтермен қанықтырса, су топырақ пен өсімдіктерге минералдар жеткізіп тұрады. Гүлі көп шалғындарда олар тозан және балшырындармен «қайта өңделеді». Ал аралар бұл «жартылай фабрикатты» пайдалы балға айналдырады. Кәсіби мамандардың тіліне Алтай балы полифторлы бал-шөптен жасалады. Уақыт өте келе, Абылайхан жергілікті балдың алтайлық балдан еш кем түспейтінін түсінді. Әсіресе, араб елдерінде өте жоғары бағаланатын жантақ пен мақта балы тек бізде өндіріледі. Сондықтан бүгінгі таңда «Абылайхан» ЖК шымкенттік омарташылармен бірлесе жұмыс істеуде. Ал майды Пәкістаннан көтерме бағамен сатып алады.

Абылайхан Еркін: «Қара зере салынған балдың кішкене құтысын бір жарым мың теңгеден сатамыз. Сыртындағы құттысы қымбатқа түсіп жатыр. Қазақстанда әлемі алтыбұрышты банкәләр шығарылмайды. Сондықтан ресейлік өнімді пайдалануға тура келеді. Шымкенттің жеріне қара балға да қызығушылық танытуда. Бұл Канадада, АҚШ-та өте танымал, жақында Батыс Еуропада пайда болды. Бал кремінін жасалуына келсек, арнайы жабдықтың көмегімен бал шайқалады. Жеңіл көпіршіктен пайда болады, масса ауаға айналады және ерекше дәмге ие болады. Араластыру барысында үлкен кристаллді құрылымдар ұсақталады. Соның нәтижесінде, алынған консистенция жұмсақ болады. Оған тек жасанды

есептейді. Мысалы, балалар ұнататын шоколад пастасының орнына жержаңғақ қосылған пайдалы балды ұсынуға кеңес берді.

— Күн сайын өзіміздің шағын цехта орта есеппен 100-150 құты бал шығарамыз, — дейді кәсіпкер. — Өндіріс көлемін айтарлықтай арттыруға мүмкіндік бар. Дегенмен ол



сұранысқа байланысты. Өнімнің алғашқы партиясы Таразға жөнелтілді. Егер кәсібіміз бүкіл Қазақстан бойынша қанат жайса, экспорт туралы ойланатын боламыз.

Кәсіпкер табиғи бал қатты бағаланатын Қытай нарығын зерттей бастады. Бірақ оның нарығына кіру қиын. Сол елдің кәсіпкерлерінің тізіміне ену керек, ал ол өте қиын. Парсы Шығанағы елдерінде де бал мен қара зере майы жақсы сатылуы бек мүмкін.

Абылайхан небәрі 25 жаста. Алайда кәсіп жүргізде ол көп адамдарға дәріс оқитын дәрежеге жеткен. Оның айтуынша, кәсіпкерлік қанында бар. Ата-анасы мен туыстары да бір кездері сауданың төңірегінде жұмыс істеген. Ол медициналық колледждің студенті боп жүргенде ұялы телефондарға арналған аксессуар сатты. Содан кейін, мандарин, пияз, тіпті шегеге дейін сатты. Одан соң мемлекеттік сатып алу саласында жұмыс істеді, мекемелерді тұрмыстық химия, кеңсе тауарларымен қамтамасыз етті. Осылайша, ақырындап тәжірибе жинақтады.

Ол: «Өткен жылдың басында мен аспа (устрица) саңырауқұлақтарын өсірдім. Шымкент қаласының Кәсіпкерлер палатасында «Жас кәсіпкер» бағдарламасы бойынша оқып, сертификат алып, 505 мың теңге грант иегері атандым. Бұл қаражатты саңырауқұлақ ісіне жұмсадым», — дейді.

Сайрам ауданында көп жылдан бері кәсіпкерліктің осы түрімен айналысып келе жатқан Әйелмен келісіп, одан мицелий тұқымын

сатып алады. Бір бөлмені жалға алып, оның ішін әктеп, арнайы орта жасайды. Өйткені саңырауқұлақ таза жерде жақсы өседі.

Кәсіпкер: «Бұл жерде мақтаның кебегімен толтырылған медициналық қаптарды көрдік. Оның үстіне, оны 40 минут қайнату керек еді. Алғашқы талпыныс текке кетті. Қажетті желдету дұрыс қамтамасыз етілмегендіктен және жылу режимі сақталмағандықтан, саңырауқұлақтар ұсақтау болып өсті. Салыстыру үшін үйдің жанына отырғызылғандардың көлемі көз қуантарлықтай еді. Ал одан кейінгі әрекет жаман болған жоқ», — делі.

Әрине, кез келген бизнесте кедергі кездесетіні заңдылық. Абылайханның кәсібінде де сату кезінде қиындық туындады. Көп мөлшерде сатып алушылар табыла қоймады. Бір жағынан, елімізде коронавирустық инфекция өршіп тұрған кез еді. Тамақтану орындары мен ірі базарлар жабылып, жұмыс істемей қалды. Сөйтіп саңырауқұлақты таныстарына сатуға тура келді. Ал қазір Абылайханның кәсібі ақырындап өрге домалауда. Өнімнің көп бөлігін консервілеумен айналысатын фирма сатып алады. Қалғанын кәсіпкер базарға, кондитерлік цехтарға өткізеді.

Абылайхан Еркін жастарға өз ісін ашуға кеңес береді. «Көз — қорқақ, қол — батыр. Әрине, белгілі бір тәуекелдерге баруға тура келеді. Бірақ бүгінде мемлекет тарапынан кәсіпкерлік негіздеріне оқыту курстарынан өтуге, бизнес-жоспар құруды тегін үйренуге, қайтарымсыз гранттар немесе жеңілдікпен несие алуға мүмкіндік мол», — дейді ол.

Айтпақшы, ағасымен бірге тас төсеуіш өндірумен айналысатын жас кәсіпкердің

өзі әртүрлі қоспалары бар шай шығаруды да армандайды. Оның арманының орындалатынына күмәніміз жоқ. Бірнеше істі қатар жүргізіп, қосымша білім алып, ізденіп, келешекке жоспар құрып, мемлекетіміздің шағын және орта кәсіп ашуға беріп жатқан мүмкіндігін онтайлы пайдаланғаны көп жастарға үлгі дер едік.

«МОДЕРН» ҚАЗАҚ

Жас кәсіпкер Токтар Әлімбеков Шымқалада алғашқылардың бірі болып, «Chaplin's Barbershop» ерлер шаштаразын ашты. Бүгінде бұл шаштараз Шымкентте танымал болып үлгерді. Шаштараздың жанында жеке мектебі бар. Оған шаштараз, барбер болғысы келетін жігіттерді оқуға қабылдап, үйретіп, халықаралық деңгейде сертификат береді.

Бұдан бөлек, серіктестерімен шығармашылық, кофе, спорт және музыка салаларында, яғни Chaplin's Art Store, Chaplin's Coffee House, Chaplin's Sport Club және Chaplin's Music Station жобаларын іске асырды. 20-дан астам адамды жұмыспен қамтып отыр.

Т.Әлімбеков: «Қызметкерлерімді серіктес деп атаймын. Айдың соңында өз пайдаманнан гөрі, солардың табысына көңіл аударамын. Оларды үнемі өз кәсібін ашуға, қаржы жинауға



ұзап кетпейтінін айтты. Тіпті АҚШ-та төрт жыл тегін оқып, сол жақта қалуға мүмкіндігі болған кезде де «қайта келу үшін кеткенмін» деп еді. Т.Әлімбеков Мичиган университетінде алған білімін Шымкентте қолдана бастады.

Жас кәсіпкер: «Мичиган университетінде «Сен әлемді өзгертетін баласың» деп шығарып салады. Осы бір ауыз сөз жігеріңді арттырып, күні-түні жұмыс істеуге ынталды оятады. Америкада грантпен оқыдым. Қазіргі жұмыс тәжірибемнің барлығын сол жақтан алдым. Бізде төрт жыл оқисың, арасында бір-ақ ай іс-тәжірибеден өтесің, онда да шай-кофе тасып жүресің.

Америкада өзімнің жеке компаниям болды. Бірінші курста жүргенде-ақ мақала жаздыратын. Соның нәтижесінде Шымкентке келіп, 3 айдан кейін қорықпай кәсіп бастап кеттім. Әрине, көп қиындық кездесті. Қазір ойлап қарасам, бес жылдың ішінде біраз жұмыс атқарыптын. Басында шағын ғана бір шаштараз еді. Қазір екі шаштараз, үш кофехана, бір спорт клубы және тағы екі жобамыз бар. Жалпы саны — 6-7 компания», — делі жылы жымып.

Иә, былайғы жұрт Токтарды шетел көрген бала деп біледі. Кейде компанияларының атауы мен стиліне қарап Батыс елінің мәдениетін бізге сіңіргісі келе ме деген ойға қаласын. Неге — Chaplin's? Неге — «U:hack», U:projects?

Оны өзінен сұрағанымызда, жігерлі жас былай жауап берді:

«Менің әр жобамның өзіндік философиясы бар. Әрқайсысы қазақ ұлтының тарихы мен менталитетіне негізделген. Ал енді Чаплинге келер болсақ, ол тек комик актер емес, философ, әр рөлімен өз дәуірінің проблемасын дөп басып, соның шешу жолын көрсететін. Сол сияқты біздің жобаларымыз да қоғам дамуына әсер етіп келеді. Өзімнің бес жобам арқылы қаладағы жастардың көңілін аудардым. Байқасаныңдар, логотипте қалпақ пен мұрт бар. Аты — Чаплин. Чарли Чаплин 1889 жылы Америкада туып-өсті. 1940 жылы немістерге қарсы соғыста «Ұлы диктатор» деген фильмге түскен. Кейін Еуропаға қудаланып, өмірінің соңғы он жылында бірде-бір рет киноға түспеген. Бізде Чаплинмен бір дәуірде өмір сүрген қазақтың ұлы тұлғасы бар. Ол да Чаплин сияқты мұрт қойып, басынан қалпағы түспеген. 1890 жылы дүниеге келген Қызылорданың тумасы кім деп ойлайсыңдар? Әрине, Мұстафа Шоқай. Түркістан халқының бірлігі мен тәуелсіздігі идеясын ту етіп ұстанған аса көрнекті саяси қайраткер, жалынды публицист, аудармашы, жазушы, XX ғасырдың басындағы қазақ интеллигенциясының ең жарқын өкілдерінің бірі. 25 жасында «Бірлік туы» деген газет шығарады. Мен енді компаниямызға осы ұлы тұлғаны атын қойғым келеді.

Елбасының «Рухани жаңғыру» бағдарламасы — тамаша бағдарлама. Нағыз рухани жаңғыру біздің компанияда болғалы жатыр. Бес жылдың ішінде жастардың назарын аудардық. Сөйтіп те, компания атын Shoqay's деп ауыстырдық. Біз көп жерлерде ұлы тұлғаларымыздың 50-дегі «шаршап» тұрған суретін көрсетеміз. Неге 25 жасындағы жалынды тұлғаның суретін қоймасқа?! М.Шоқайдың мақсаты — біріктіру, білім, тәрбие беру еді. Біз сол Мұстафа Шоқайдың арманын жалғастырушымыз.

... Оның жауабынан кейін жанымыз жадырап сала берді. Чаплиннің орнына — Шоқай компаниясы. Қандай керемет! Қалада дәл солай Абай, Шәкәрім, Мағжан, Мұқағали деген жазуы



бар маңдайшалар көбейсе, қалай жарасып тұрар еді! Ресейде Достоевский, Толстой деген кафелер ең қымбат, келушісі көп орындар деседі.

Бәсе деймін-ау, Бейбітшілік көшесінен орын тепкен Shoqay's Barbershopқа бас сұққанда, XX ғасырдағы Алашорда үйіне кіріп кеткендей әсер алған едік. Қабырғасы мен еденіне дейін сол заманның көрінісі көз алдына келеді. Арнайы қойылған кітап сөрелерінде кілең алашордашылардың кітаптары қойылыпты. Ішкі интерьер, жиһаз — бәрі өткен ғасырдың өтпелі кезеңін сипаттайтындай. Ол жақ қапталдағы шкаф 1937 жылдардың көзіндей боп қасқайып тұр. Тура «Шоқай компаниясы» деген атауға лайыққағандай.

М.Шоқай 1917 жылдың 13 сәуірінде газет шығарса, 2017 жылдың 13 сәуірінде, тура 100 жылдан кейін U:projects жобасы дүниеге келді. Бұл жай жоба емес. Әбден сараланып, сарапталған, пысықталған дүние. Айтқандай, Токтар былтыр бүкіл әлемді әбгерге салған пандемия басталған кезде шымкенттік жастардың белсендісі ретінде шаһар басшылығының бастамасымен www. covid19shymkent.kz деген бірінші ақпараттық порталдың жобасын жасап, іске қосты. Міне, модерн қазақтың жас та болса атқарған істерінің бір парасы осындай.

Мәриям АЙТБАЙ,
Шымкент қаласы

Кәсібі – нәсібі

Айбол Ықын немересі – тәуелсіздікпен тете. 1992 жылы өмірге келген Айболдың кәсібі мамандығы – тіс дәрігері. Бұл күнде Алматы облысы Кеген ауданы Жылысай ауылында мал шаруашылығын өрістетіп, несібесін адам төнін емдеумен қатар, төрт түлікті өсіруден де көріп жүр. «Қалада ғана емес, жолын тауып, ебін білсең, ауылда да ақшаның көзін ашуға болады. Тек тынбай еңбектенгенде ғана» – дейді кейіпкеріміз. Алматыдағы жеке кәсібін, яғни тіс емдеу ісін дөңгелету үшін ашқан шағын лабораториялық кеңсесін жауып, ауылда жалғастырып жатқан Айболды әңгімеге тарттық.

Жас qazaq: Айбол, тіс дәрігері болуына не себеп болды? Анаң мұғалім, әкең қарапайым еңбек адамы.

Айбол Ықын: Бала күнімнен дәрігер болсам, оның ішінде тіс емдеуді қолға алсам деген арманым болған жоқ. 9-сыныпты бітірген соң Алматыдағы республикалық медицина колледжіне оқуға түстім. Бұл оқу орнына ертіп әкелген ағамның жолдасы тіс дәрігері екен. «Табысы да жақсы, өлмейтін мамандық, сондықтан осы саланы таңдағаның дұрыс» деп кеңесін айтты. Бала жастан бір зат қолыма түссе, ақтарып, аударып-төңкеріп қарап, бөлшектеп қайта құрауға құштар едім. Тіс дәрігері де сондай ғой өзі, иненің көзіндей тесікті жамап бүтіндейді. Осылай тіс дәрігері мамандығы бойынша білім алдым.

Жас qazaq: Медициналық колледжде оқып жүріп грант ұтып алдың да, Германияда тәжірибе алмасып, білімінді шыңдап келдің.

Айбол Ықын: Республикалық медициналық колледждің 3-курсында оқып жүріп байқауға қатысып, жеңіске жеттім. Бас жүлдеге Германияға барып тәжірибе жинауға грант берді. 2011 жылы Майндағы Франкфурт қаласында білімді жетілдіріп, тәжірибе алмасып қайттым. Оқуымды бітірген соң, алты жылдай тіс емханасында жұмыс істедім. Екі жылдан астам уақыт жеке кәсіп ретінде лаборатория ашып, жұмысымды жалғастырдым.

Жас qazaq: Содан соң кіндік қаның тамған ауылға көшіп келдің. Жастардың дені қалаға қарап құштары артып, тізгінін түре тартып отырады. Ал сен ауылда жұмыс істеуге бел будың.

Айбол Ықын: Ең бірінші мені тартқан күш – қарашанырақ. Анам өмірден өтті, артынша әкем де бакилыққа аттанды. Інім студент Алматыда оқиды. Қарашанырақтың есігіне қара құтып салынып қанырап тұрды. Ауылға торқалы тойға, топырақты өлімге келгенде, болмаса достарымызбен жиналғанда бөрінің дерлік ата-

анасы, бауырлары ауылда қарашанырақтың түтінін түтетіп отырады. Ал біздің үй



бұрынғыдай қабаржып қанырап тұрады. «Бұлай болмайды екен, қаладан тапқан несібені ауылдан да терермін, ең бастысы, ошағымыздың отын өшірмейін, әкемнен қалған қарашанырақ кой» деп ойлап, бір байламға келдім.

Жас qazaq: Айбол, сұхбат барысында айттың, Алматыдан жеке тіс емдейтін лабораториялық кеңсенді аштың. Сол ісінді ауылда да жалғастырып жүрсің ғой.

Айбол Ықын: Еңбектеген баладан, еңкейген қарияға дейін біздің клиентіміз ғой (*күлді*). Басы ауырып, балтыры сыздайтын адамның тісі де ауырады. Біртіндеп сырқаттардың тісін емдеуді де қолға алып, жандандырып жатырмын. Ауылға көшіп келгеніме бір жылдан асты. Былтыр пандемияның алдында, ақпан айында Алматыдағы пәтерімізді жауып, Жылысайға тартып кеттім. Ауылға келгеннен кейінгі менің жоспарым мал өсіру болды. Үйренген ісіміз ғой, қазақ пен малдың жаны егіз қашанда. Сосын шағын несие рәсімдеп, мал сатып алсам деп банктерге барайын. Үстеме ақысы удай. Мысалы, 5 миллион теңгені жеті жылға алсаңыз, пайыздық үстеме мөлшерлемесі 4


миллион теңгеге таяу шығады. Сұмдық кой. Сосын ғаламтордан ауыл шаруашылығына қатысты қандай мемлекеттік бағдарлама бар екен деп зерттеп көрдім. Маған қолайлысы «Еңбек» бағдарламасы болды. Нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының жылдық пайызы төмен. Кәсіпкерлікке баулитын курсты оқып, несие рәсімдеуге қажетті құжаттарымды жинап, кепілге қоятын үйдің құжаттарын қоса тіркеп өткіздім. Көп өтпей, банктен ашқан арнайы есепшотқа қаражат аударылды. «Мен ұрлыққа түскенде ай жарық болды» дегендей, ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қорынан алған несиенің қаржысына ірі қара малын сатып алуды көздегем. Бірақ пандемия басталып кетіп, былтыр көктемде тырп ете алмадық, тек мал басын құрауды онлайн жүргізіп, он бас сиыр сатып алдым. Мал базарлары жабық болғандықтан, таңдау жасауға мүмкіндік тумады. Тек ауыл-ауылды аралап, мал сатамын деген адамдарға барып жинадым.

жерді қуырып күйдіріп жіберді. Жайылым жайлы болмаған соң сиырдың сүті де тартылды. Ал енді күйлі болса сүті де мол болады. Сүт сатып, құрт май жинап, саудалап табысымызды арттырдық. Кейінірек жердің оты қашқан соң сиырымыз суалып, өнім азайды.

Жас qazaq: Ауыл шаруашылығын дамыту мақсатында жүзеге асырылатын «Еңбек» бағдарламасы қаншалықты тиімді? Жалпы несиені рәсімдеу үшін құжат жинау ісі титықтатып жіберген жоқ па?

Айбол Ықын: Алдын ала кеңес алып, қажетті құжаттардың тізімін түзіп, барлығын шып-шырғасын шығармай жинап барған соң да шығар, сенделе қоймадым. Рас, соншама қаржыны төменгі пайызбен беретіндіктен де қойылатын талап жоғары. Ауыл шаруашылығын өрістетуге арналған несиені алудың тиімділігі — ұзақ мерзімге берілетіндігі. Үстеме пайызы төмен болғандықтан аса ауыр соқпайды. Қысқа қайыраңда 4 миллион теңгені бес жылда үстіне 700 мың теңге қосып мемлекетке қайтарамын. Былтыр сатып алған сиырларымың бұзауы

МАЛ БАҚҚАННЫҢ БАҒЫ БЕС ЕЛІ



Жас qazaq: Өзін білесің, осы күнде ет те, сүт өнімдері құт, май, кілегей де қымбат. Ерінбеген адам қорасындағы азын-аулақ малынан келетін өнімді сатып та кәсібін дөңгелете алады.

Айбол Ықын: Солайы солай-ау, бірақ мына құрғақшылық, жайылымның жоқтығы, шөп басын сындыру үшін алысқа жайылуға мәжбүр төрт түліктің күйі болмаса, өнім де мардымды болмайды. Былтыр көктемде Жылысайда жауын да жақсы жауып, жер көгеріп, көк тамаша көтеріліп еді. Бірақ жазға салым жауын тамбай

бүгінде тана-торпаққа айналды. Жыл сайын төлін өсіріп көбейту арқылы да мал басын құрауға мүмкіндік мол.

Жас qazaq: Мал шаруашылығын дамыту мақсатында ұрықшы (*осеменатор*) кәсібін де қоса игеруді қолға алған екенсің.

Айбол Ықын: Мал тұқымын асылдандыру — табыстың артуына бірден-бір себеп. Өйткені біздің қазіргі өсіріп жүрген сиырымыздың бір жылдық тана-торпағының еті 110-140 келі аралығында. Ал енді Еуропада асыл тұқымды сиырдың бір жасар танасы 300-350 келіге дейін салмақ тартады. Айырмасы жер мен көктей емес пе. Мал тұқымын асылдандыру мақсатында ауыл шаруашылығы саласында мемлекеттік қолдау да бар, субсидия беру де жолға қойылған, ұрықшыларды оқыту орталықтары да жұмыс істейді. Ұрықшыларды оқытатын «Qazpa» орталығында оқып, Кеген ауданы бойынша мал ұрықтандыруды да қолға алдым.

Ақтылы малың асыл тұқымды, етті, сүтті болса, табатын табысың да қомақты екенін ұмытпау керек.

Жас qazaq: Табысын арта берсін, ауыл шаруашылығы саласын дамытуға үлесінде қоса бер.

Сұхбаттасқан Қуаныш КӨШЕК,
*Жылысай ауылы,
Кеген ауданы,
Алматы облысы*

TREND

Қазақстан әлемдік көмірсутегі секторында болып жатқан өзгерістерді ескере отырып, жасыл энергетика саласын дамытуға басымдық береді. Бұл ретте карбонсыздандыру, сутегі өндірісі және жаңғыртпалы энергия көздерін пайдалану

басым бағытқа айналады. Ені консорциумының бас атқарушы директоры Клаудио Дескальидің Нұр-Сұлтан қаласында өткізген ресми және іскерлік деңгейдегі кездесулерінен осындай ой түюге болады.

ДӘСТҮРЛІ ӨНДІРІСТЕН – ЖАСЫЛ ЭНЕРГЕТИКАҒА

Ең әуелі Президент Қасым-Жомарт Тоқаев пен алпауыт компания өкілінің кездесуінде Қашаған және Қарашығанақ ірі мұнай-газ жобаларының жүзеге асырылуы жөніндегі жоспар қарастырылды. Клаудио Дескальи пандемия жағдайына карамастан, Қашағандағы қазіргі жобалардың іске асу қарқыны сақталып отырғанын жеткізді. Мемлекет басшысы энергетикалық бағыттағы инвестициялық жобаларды одан әрі жүзеге асыруға еліміздің баса мән беретінін мәлімдеді. Осы ретте Президент отандық өнім үлесінің жоғары болуын қамтамасыз ету қажеттігіне назар аударды. Оған қоса, жер қойнауын игеру, геологиялық барлау жұмыстарын жүргізу және жасыл энергетика саласындағы жобаларды іске асыру мәселелері талқыланды.

Ал Үкімет басшысы Аскар Мәминнің Клаудио Дескальимен кездесуі барысында ҚМГ мен Ені екіжақты құжаттарға қол қойды. Атап айтқанда, электр энергиясын өндіру және іске асыру үшін энергетикалық ауысу жобаларын әзірлеудегі ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды. Келісім аясында жанартылатын энергия көздері саласында және «жасыл» энергия өндірісінде бірлескен жұмыстар атқару жоспарланып отыр. Тараптар жел және күн электр стансаларын салу, бірінші кезекте ҚМГ компаниялары тобының өндіріс нысандарына электр қуатын өндіру жобаларын анықтау үшін техникалық-экономикалық зерттеулер жүргізбек. «ҚазМұнайГаз» бен Ені елімізде ауыл шаруашылығы және сүтегі жобаларын дамыту жөніндегі меморандумға қол қойды. Меморандум сүтегі өндірісі және кейіннен өңдеп, биоотын өндіру үшін Қазақстан аумағында май дақылдарын өсірумен байланысты ауыл шаруашылығы жобалары саласында техникалық-экономикалық зерттеулер жүргізуге негіз болып табылады. Ені компаниясы Қазақстан азаматтары



мен қазақстандық ұйымдарды тарта отырып, өндірістен қол үзбей оқытуды ұйымдастырады. Тәлімгерлікті үйретуді қамтамасыз етеді.

Сондай-ақ «ҚазМұнайГаз» ҰҚ АҚ Басқарма төрағасы Алик Айдарбаевпен кездесуінде Ені компаниясының бас атқарушы директоры болашақ ынтымақтастық мәселелерін және баламалы энергетика саласындағы бірлескен жобаларды іске асыруды талқылады. К.Дескальи: «Соның 6 жыл ішінде Ені компаниясы жанартылатын энергия көздерінің, биоотынның жана технологияларын және баламалы энергетика саласындағы басқа да инновацияларды әзірлеуге 5 млрд еуро инвестиция салды. Біз Қазақстан Республикасымен осы бағыттарды әрі қарай дамыту үшін өз білімімізбен, технологиялар жана құрал-жабдықтарымызбен бөлісуге дайынбыз», — деді. Ені және «ҚазМұнайГаздың», жалпы кос елдің көмірсутегі байтараптығы мен карбонсыздандыруға қол жеткізу жөніндегі міндеттері ортақ екенін атап өтті. Осы орайда Ені басшысы: «Бүгін қол қойылатын меморандумдар — осы мақсат-міндеттерге жетудің кезекті қадамы», — деді. Өз кезегінде, Алик Айдарбаев Қазақстан аумағында жанартылатын энергия көздері нысандарының бірлескен жобаларын іске асыру жөніндегі ауқымды әлеуетіне баса назар аударды. А.Айдарбаев: «Жанартылатын энергия көздерінің бірлескен жобаларын іске асыру «ҚазМұнайГазға» «жасыл» энергетикадағы үлесін арттыруға мүмкіндік береді. Бұл компанияның жеке өндіріс активтерінде «көмірсутегі ізін» азайту жөніндегі стратегиялық мақсатына сай келеді. Біз ортақ талпынысты қолдаймыз және осы бағытта әрекет жасауға дайынбыз», — деп атап өтті.

Гүлнар АХМЕТОВА

Шағын кәсіп

Алматы облысының Еңбекшіқазақ ауданына қарасты Шелек ауылында өз кәсібін дөңгелетіп, ауылдастарының игілігі үшін жұмыс істеп отырған нәзік жандылар тұрады. Олар көкөніс өсіріп қана қоймай, жеміс-жидекті құрғатудың жаңа технологиясын үйреніп жатыр. «Еңбек түбі – береке» деген асыл сөзімізді ту өткен жандар бүгінде бір-бір кәсіпті дөңгелетіп, әйелдердің де қолынан бағбандық істің келетінін дәлелдеді.

Гүлбану Жасыбаева карт ата-анасына қамқор болу үшін Алматыдағы 20 жылдық мұғалімдік қызметімен қош айтысып, ауылға көшіп келеді. Ауыл өміріне сіңісіп, жана кәсіпті бастап көруге тырысқан ол ең алдымен тамшылатып суару арқылы қызанақ өсіруді үйренеді. Ол Шелек ауылындағы «Шелек фермерлері» жергілікті қоғамдастық қорында арнайы курстан өтеді. Содан кейін «Ауылдық өңірлерді дамыту» жобасының мемлекеттік грантын иеленіп, қызанақ егуге кіріседі. Бүгінде Гүлбанудың бақшасында қызанақтан бөлек, бұрыш, қияр т.б. көкөніс өседі.

Бір ғажабы, ол бағбандықпен шектелген жоқ. Тігінмен де айналысады. Осы жобасын да «Ауылдық өңірлерді дамыту» бағдарламасына ұсынып, грант алып, бүгінде үш нәзік жандыны жұмыспен қамтып отыр. Гүлбану тігін цехын әрі қарай кеңейткісі келеді. Қазір шағын бөлмені ателье жасап, тапсырыспен тұрмысқа қажетті киім-кешек пен көрпе-жастық тігуде. Гүлбану ауылдағы кәсібін қалай бастағанын былай деп әңгімелеп берді: «Ауылға көшіп келгеннен кейін жұмыссыз отырып қалдым. Ауыл тұрғындарынан Шелектегі жергілікті қоғамдастық қорының әйелдерге бағбандықты үйретіп, кейін жобанды ұсынып, мемлекеттен грант алуға

болатынын естідім. Бірнеше әйел арнайы курстан өтіп, жобамызды «Ауылдық аймақты дамыту» бағдарламасына ұсынып көрдік. Ұсынған жобам сәтті өтіп, алғашқы гранттың иегері атандым. Қазір қызанақ пен бұрыштың бірнеше сортын егемін. Тігін цехтың да жұмысы ақырындап жүріп тұр. Осылайша ауылда еңбек етіп, табысты



Гүлбану ЖАСЫБАЕВА



Тамшылап суару, жер игеру әдістерін үйретіп, дайын өнімді серіктестері арқылы сатуға көмектесті. Алдағы уақытта жеміс-жидек өсіргім келеді. Жер игеру жұмыстарына отағасым көмектеседі. Отбасымның қолдауы арқасында осындай жетістікке жетіп отырмын», - дейді.

Гүлжан Аскар 2006 жылы Қытайдан Қазақстанға қоныс аударған. Әйелдердің оқу оқып, грант алып жатқанын естіген

ЖЕР ӨҢДЕП, ЖЕМІС КЕПТІРГЕН



Гүлжан АСКАР

болып отырмын. Мұнымен тоқтамаймын. Алдағы уақытта кәсібімді одан әрі дамытсам деген ойдамын. Бізге курс кезінде өзін-өзі дамыту, психологиялық көмек, үйде отырған әйелдің өз-өзіне күтімі жайлы, сондай-ақ кәсіпке баулу туралы жақсы сабақтар өтті. Жобада 250 мың теңге грант жеңіп алып, тігінханамды аштым. Содан кейін көкөністерді жана технологиямен, органикалық жолмен өсіру бойынша «Ауыл өнімдері» жобасы туралы естідім. Бірнеше әйел бірігіп қатыстық.

соң, орталыққа келіп, сабақтарына қатысыпты. 2019 жылы грант жеңіп алып, 3,5 сотық жерге жылыжай салған.

«Жылыжайда ыстықта жұмыс істейміз. Жер қопсытудан бастап бүкіл жұмысты өзіміз атқарамыз. Сырт көзге өзі өсіп жатқандай көрінеді. Былтыр қызанақ, биыл қияр өптік. Жеміс кептіретін аппарат сатып алып, жана істі үйреніп жатырмыз. Табиғи жолмен кептірсек, шаң-тозаң болады. Ал құрылғы жел мен жылу

бөліп, өнімді жоғары сапада кептіріп шығады. Мемлекеттің де, үкіметтік емес ұйымдардың да қолдауы бар. Отағасы да қолдайды, кәсіпті бірге дөңгелетіп жүрміз», — деді ол.

Кәсіпкер келіншектер енді өнімдерін қаладағы супермаркеттерге тікелей өткізуге келіссөздер жүргізіп жатыр. Олар мұнымен тоқтамай, өсіретін көкөніс пен жеміс-жидектің түрін көбейтіп, кәсібін әрмен қарай дамытпақ.

Мақпал НОҒАЙБАЕВА

Жетісу жеріндегі ынтымақ пен бірлік ұлттар мен ұлыс өкілдерінің тату-тәтті тіршілік кешуіне мүмкіндік беруде. Мұндай пікір облыс әкімдігінде өткен облыстық Қазақстан Халқы ассамблеясының «Келісім, татулық пен бірлікке бөленген 30 жыл» атты кезекті XXVI сессиясында айтылды. Алматы облыс әкімінің орынбасары Батыржан Байжұманов ашып, жүргізіп отырған алқалы жиынға Қазақстан Халқы ассамблеясының мүшелері мен белсенділері, облыстық басқарма басшылары, аудан, қала әкімдерінің орынбасарлары, ішкі саясат бөлімдерінің басшылары, облыстық, аудандық, қалалық, ауылдық округтердегі қоғамдық келісім және аналар кеңесі, ғылыми-сараптамалық топ мүшелері, облыстық этномәдени орталықтардың төрағалары, қоғамдық келісім қызметкерлері, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қатысып, облыстық Қазақстан Халқы ассамблеясының 2021 жылы атқарған жұмысының қорытындысын тыңдады.

Жиын алдында былтырғы пандемия кезінде қайтыс болған жандарды бір минуттық үнсіздікпен еске алған көпшілік Парламент Мәжілісінің депутаты Әлия Әбсеметованың

талабы болып отыр. Бұл бағытта мемлекеттік тілдің ел азаматтарын біріктіруші аса маңызды фактор екендігін жақсы түсінген этномәдени орталықтардың басшылары мен олардың белсенділері, әсіресе, жастардың қазақ тілін оқып-үйренуіне баса көңіл бөледі.

Этномәдени бірлестіктердің әдістемелік-тәжірибелік орталығы болып табылатын «Достық» үйінде арнайы жасакталған бір ғана тіл кабинеті арқылы, 3 жылға жуық мерзімде 100-ден аса азаматтар, әр этнос өкілдері қазақ тілін және өз ана тілдерін оқып үйренді. Дана халқымызда «Үдере көшкен уығын сындырады, бірлігі бекем жұмысын тындырады» деген нақыл сөз бар. Қазақстан Халқы ассамблеясынан канат қағып, бүгінгі күні Илияс Жансүгіров атындағы Жетісу университеті жанындағы «Имиждік саясат орталығының» директоры, облыстық мәслихаттың депутаты Дамир Дигай, Ақсу ауданы Қапал ауылдық округі әкімі аппаратының бас маманы, «Ерен еңбегі үшін» медалінің иегері Владимир Чепель, «Жаңғыру жолы» республикалық жастар қозғалысының өңірлік штабының төрағасы Руфуина Усановалар танымал көшбасшы азаматтарға айналды. «Мемлекет маған не береді» деп қарап отырмай, әлемді кезген індетке қарсы күресте жігерлі жастардың көбейіп келе жатқандығы көңіл қуантады. Қазақстан Халқы ассамблеясы XXIX сессиясында Ассамблея мүшелері мен этномәдени орталықтарға татулық пен келісім саясатын лайықты жалғастыруға тапсырмалар берілгені мәлім», — деп сөзін қорытты.

Баяндамашының айтуынша, этномәдени орталықтардың мүшелері «Мемлекеттік тіл — менің тілім», «Тілдарын», «Мың бала» атты байқауларға, дәстүрлі Абай, Илияс, Мұқағали оқуларына белсене атсалысып, қоғамның дамуына елеулі үлес қосып келеді. Одан бөлек,

болашақта мемлекетімізде заман дауылы шайқалта алмайтын, саяси жағынан сауатты, әлеуметтік жағынан тұрақты, экономикалық жағынан қуатты, өркениетті, дәулетті 30 мемлекет қатарына ену бағытында өте жауапты, күрделі міндет алдымызда тұр.

Осы міндетті іске асыру үшін Қазақстанның даму моделін халықаралық стандартқа жеткізуіміз керек.

Қазақта «Қарағайдың қырық бұтағы болғанымен, біреу ғана түзу таяқ болады» деген әдемі сөз бар. Біз, Қазақстанның әрбір перзенті түзу таяқтай халықтың көдесіне жарауымыз керек.

Жақында Ұйғыр ауданының орталығы Шонжы ауылында орталық көшелеріне Ұлы Абай мен Шығыстың ұлы ойшылы Әл Фарабидің есімі берілді.

Осы орайда, мен Қазақ КСР Ғылым Академиясының президенті Ш.Е.Есеновтің:



қазақтың ғана тілі емес, Қазақстанда тұратын барлық этностардың ортақ тілі.

Тіл — достықтың кілті, ынтымақтың бастауы. Өмірдің талай сынынан өткен, толыққанды ақиқат. Тілсіз қоғам өмір сүре алмайды. Еліміздің «Тіл туралы» заңында «Қазақстан халқын топтастырудың аса маңызды факторы болып табылатын мемлекеттік тілді менгеру — Қазақстан Республикасының әрбір азаматының парызы» деп жазылған. Тәуелсіз елдің жас ұрпағын нағыз патриот

отансүйгіш ұлтжанды тұлға етіп қалыптастыруда мемлекеттік тілдің атқаратын қызметі орасан зор. Қанша тіл білсең, өзгеден соншама биіксің. Алдымен туған елінің мемлекеттік тілін білуге міндеттісің. Облыстық Ассамблеяның қолдауымен, Нұр-Сұлтан қаласында өзге этнос жастары арасында өткен республикалық «Ұлы даланың ұлтаралық тілі» форумына қатыстым. Әр өңірдегі қазақ тілін менен де жақсы сөйлейтін замандастарымды көріп, өзіммен салыстырып, жастық жігеріме күш-қуат қосылып, ерекше әсермен оралдым, елі мен жерінің тарихына бей-жай қарамайтын, білімді, зейінді жаңа достар таптым.

Қазақ тілі — дүниедегі ең шұрайлы, кестелі тілдің бірі деп есептеп жатамыз. Жуырда Тілдерді дамыту жөніндегі басқарманың ұйымдастыруымен, өзге этнос жастары арасында қазақ тілінің көркемдік ерекшелігін, сөздік қорын насихаттау, Абай шығармашылығы арқылы қазақтың тілі мен әдебиетіне, мәдениетіне деген ықыласын арттыру мақсатында өткізілген облыстық Абай атындағы көркемсөз оқуларынан 1 орынға ие болдым. Әр аудан, қалалардың аманатын аркалап, долаға қатысқан талантты жастардың арасынан топ жару бақыты бұйырғанда, ерекше сезімге бөлендім. Мемлекет басшысы жастар жылын қорытындылап, өткен жылды «Еріктілер жылы» деп жариялаған болатын. Соған орай, колледжімізде еріктілер тобы құрылды. Басқа адамдардың игілігі үшін саналы, ерікті көмек, қолдау көрсетіп, жерлестерімізге пайдамызды тигізудеміз. Біз баршамыз бейбіт елде берекелі күн кешуді қалаймыз. Ал біздің жалпымыздың тілегімізді бір тіл ғана біріктіре алады.



тақырыпқа қатысты жолдаған бейнебаянын тыңдады. Сессияның күн тәртібінде қаралған бір мәселе — «Келісім, татулық пен бірлікке бөленген 30 жыл».

Облыс әкімінің орынбасары Батыржан Құлаймергенұлы: «Биыл — еліміз үшін мерейлі жыл, Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығы. Осы уақыт ішінде халықтың еркін санасы қалыптасып, азат елдің жасампаз ұрпағы өсті. Бұл уақыт ішінде мақтануға тұратын ауқымды істер жасалды. Ең бастысы — елімізде саяси тұрақтылық пен қоғамдық келісім сақталуда. Бұл, әрине, Сіздердің, Қазақстан Халқы ассамблеясы мүшелерінің, этномәдени бірлестіктер басшылары мен белсенділерінің ортақ еңбегінің жемісі.

Баршанызға белгілі, ағымдағы жылы 28 сәуірде онлайн режимде Қазақстан Халқы ассамблеясының кезекті 29-шы сессиясы өтіп, Үкіметке, жергілікті атқарушы органдарға, этно бірлестіктерге бірқатар тапсырмалар берілді. Бүгінгі сессияда сол тапсырмалардың орындалуын, алда атқаратын жұмыстың бағыттарын айқындайтын боламыз», — деді.

Келесі кезекте Алматы облысында «мемлекеттік этносаясатты жүзеге асыру туралы» деген тақырыпта облыстық ішкі саясат басқармасының басшысы Рахмет Есдәулетов баяндама жасап, өңірде атқарылған жұмыстардың нәтижесін таныстырды:

«Тәуелсіздіктің баға жетпес құндылықтарын өскелең ұрпақтың санасына сіңіріп, ұлағатты ұрпақ тәрбиелеу баршамызға ортақ абыройлы міндеттеріміздің бірі болып қала бермек. Жыл басынан осы мақсатпен 724 іс-шара, оның ішінде екі халықаралық, тоғыз республикалық, 77 облыстық, аудандық, 636 қалалық іс-шара өткізілді. Әрбір шара Ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығын қамтып отыр». Одан ары сөзін жалғап: «Қазақстан Халқы ассамблеясының XXIX сессиясында Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев Ассамблеяға және жергілікті атқарушы органдарға этносаралық саладағы, қоғамдық келісім мен бірлікті нығайту жөніндегі мемлекеттік саясаттың жаңа бағыттарын белгіледі. Қазақстан Халқы ассамблеясы мүшелерінің сапалық құрамын жаңартып, оны мемлекет құраушы ұлт қатарынан елімізге белгілі қоғам қайраткерлері, жалынды жастар, танымал тұлғалармен толықтыруды тапсырған болатын. Қатарымызға қабылданған азаматтар тың идея мен бағалы бастамаларға серпінді бетініне сенімдіміз. Достықтың алтын бесігіне айналған Жетісу жерінде ұстанымы мен сенімі жылдар бойы нығая түскен әр этнос өкілдері келісім мен татулықтың мол тәжірибесін жинақтады.

Жалпыұлттық бірлік пен бірегейлікті нығайту мақсатында ұлттық ерекшелігімізді, әрбір этностың тілін, дәстүрін сақтай отырып, өзара түсіністік, адамгершілік пен ізгілік негізінде шынайы бірлікке келу бүгінгі күннің басты

этномәдени орталықтардың мүшелері былтырғы карантин кезінде қайырымдылық жасап, игілікті істердің ұйтқысы болған. Сонымен қатар Жетісу жерінің дамуына керекті істер мен шаралардың бастауынан Ассамблея мүшелері табылады. Олардың атқарған жұмысы мерзімдік баспасөзге басылып, әлеуметтік желіде жарияланып тұрады. Ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығын Алматы облысының жұртшылығы ынтымақпен, бірлікпен өткізуге дайын.

Одан соң «Облыстық орыс орталығының» төрайымы Лариса Котельникова, корей этномәдени бірлестігінің төрағасы Владимир Ли кезекпен жарысөзге шығып, Жетісу жеріндегі ынтымақ пен бірліктің бастауы ұлтаралық татулықта, келісім мен берекеде жатқандығын растады.

Ұйғыр ауданының «Жаңғыру жолы» жастар қозғалысының белсендісі Рухиям Низамова туған еліне деген ықыласын былай білдірді: «Қазақстан. Құшағы ыстық, құлашы кең байтақ өлке. 130-дан астам этнос өкілінің бір атаның баласындай ырыс пен ынтымақта өмір сүріп келе жатқандығы бұл сөзімізге айяқ. Мен қазақ халқының мұндай мейірбандығын, қонақжайлығын, кенпейілдігін үнемі мақтан етіп келемін. Мен ұйғыр ұлтының қызы боламын. Отаным — Қазақстанда біздің этноссымызға еркіндік беріліп отыр. Әдет-ғұрпымыз бен салт-дәстүрімізді және тарихымызды дамытуға, зерттеуге өз ана тілімізде білім алуға барлық мүмкіндік жасалған. Бүгінде әлемнің ешбір жерінде жоқ ұйғыр театры біздің отанымызда орналасқан. Сонымен бірге «Ұйғур авазы», «Ле вадиси», «Жаркент өңірі» газеттері ұйғыр тілінде жарық көруде».

Мен өз ана тілімді қалай жақсы менгерсем, қазақ тілін де солай менгердім. Біздер, Қазақстанда мекендеген ұлт өкілдері қазақтың тілін міндетті түрде білуіміз керек. Ол міндет қана емес, тарихи парыз.

Маған Қазақстан Халқы ассамблеясының сессиясына қатысу бақыты бұйырған болатын. Сессиядан алған әсерімді жеткізу мүмкін емес, мен үшін үлкен тәжірибе. Ең бастысы, Қазақстанда өмір сүріп келе жатқан этностардың бірлігі мен ынтымағы, бір-біріне деген ыстық мейірімі мен ойлағандан да әсерлі болды. Сессияға қатысуға келген барлық этнос өкілдеріне қарап отырып, олардың бір үйдің баласындай аға-бауырдай бір-біріне соншама жақын екенін тағы бір рет түсіндім.

Өзім жастар саясаты саласында жұмыс істеп жүргеніме 7 жылдан асты. Кішігірім ауылымда қазақ пен ұйғыр «төсекте басы, төскейде малы» қосылып, ынтымағы берік, бірлігі жарасып, ағайын-бауырдай өмір сүріп келеді. Ата-бабадан көрген тәрбие бүгінгі жастарда да қалыптасқан.

Бүгінде ынтымақтың ошағы жағылып, тұрақтылықтың туы тігілген елімізде күллі қазақстандықтарды бір мақсатқа жұмылдырып,

«Әл Фараби — өткеннің рухани мәдениетінің ұлы қайраткерлеріне жатады, олар халықтың образын сөзбен, музыкамен, мәрмәрмен және бояулармен терен танып, түсіруге сөзсіз лайық», — деген сөздерін есіме түсіремін.

Әл Фараби, оның әлемдік тарих, мәдениет, философия және ғылым қазынасына енген шығармашылық, рухани-зияткерлік мұрасы — Қазақстанның полиэтносты бүкіл халқының ортақ игілігі. Мен оның есімі Қазақстан ғылымының флааманы — Қазақ ұлттық университеті, мектептер, даңғылдар, енді Алматы облысының аудан орталығындағы көше екенін мақтан тұтамын.

Әл Фараби-Қазақстанның мәдени символы, оның есімін халық жадында мәңгі қалдыру — біздің парызымыз.

Ал менің анам — ұйғыр ақыны Паридам Тайыпова осы қуанышты хабарды естіп «Ұлы сөздің күдіретісің, Абай» деген өлең жазған болатын.

Өз сөзімді де анамның өлең жолдарымен аяқтағым келеді.

*«Арамның жолы қиқалаң,
адалдың жолы төте еді.
Жақсы-жаман әркімнің арасынан өтеді.
Араздаспай-таласпай тату жүрсек не етеді?
Ынтымағы бар болса,
Бұл дүниенің қызығы,
барлығыңа жетеді».*

Қазақстанның ынтымағы жарасып, алар асуы алда болсын, ағайын!».

Ал Талдықорған жоғары политехникалық колледжінің оқатушысы, «Парасат» тіл жанашиырлары клубының мүшесі Айым Әлиева: «Мен, Айым Касенқызы, қазақтың алып



тұлғаларының ізі қалған киелі Семей өңірінің тумасымын. Ұлтым — дүнген. Бала кездегі асқақ арманым орындалып, 2015 жылдан бері Талдықорған жоғары политехникалық колледжіне ұстаздық қызметтемін. Әрқашан жастармен тікелей жұмыс жүргізу үлкен жауапкершілік жүктесе, бір жағынан, өзара емін-еркін пікір алмасып, қажет болған жағдайда сырласып, тың идеялармен бөліскенде, мамандық таңдаудан қателеспегенімді сезінемін. Білімгерлер кез келген уақытта хабарласып, ақыл-кеңес сұрап, өз ойларымен бөлісіп жатады. Қазақ халқында «Байлықтан артық достық бар, достықтан артық байлық жоқ» деген қанатты сөз бар. Біздің білім ордасында әр этнос өкілдері еңбек етіп, білімдерін шындап жүр. Жетісуға танымал тұлғаларды шақырып, жастармен ұйымдастырылатын көпшілік шаралар, кездесулер, дөңгелек үстелдер, сабақтар барысында қоғамдық келісім, этносаралық татулық құндылықтарын дөріптеп, жастардың бойында отансүйгіштік қасиеттерін дамытуды жалғастырып келеміз. Көптеген шәкірттеріміз республикалық байқаулардың жеңімпазы атанып жүр.

Кен-байтақ жеріміздің ұлтжанды тұлғалары, еліміздің мақтаныштары —

Қажет АНДАС,

Алматы облысы

Жолсапар

Бағытымыз – Алакөл.
Алматыдан шыққан ескі пойыз қараңғы түнге сіңіп, шығыс-терістікті бетке алып тартып барады. Тартып барады деу артық шығар. Иығын жабан қажаған көрі өгіздей арбасын сілкіп сүйреп, ілбіп барады. Отарбада – кілең елге белгілі азаматтар мен қоғам қайраткерлері. Айтыстың ақсақалы Жүрсін Ерман, белгілі қаламгер Шәмшабану Қамзақовы, жазушы-этнограф Зейнеп Ахметова, тарихшы Ахмет Тоқтабай, қаламгерлер Жүсіпбек Қорғасбек, Еркін Жаппасұлы, Дәурен Қуат, Ғалым Қалибекұлы және «Қазақ Радиясы» Алматы бөлімшесінің жетекшісі Бақыт Жағыпарұлы, үш дүркін «Алтын домбыра» иегері, айтыс ақыны Мұхтар Ниязов пен Мейірбек Сұлтанхан сияқты азаматтар бар.

Алматыдан 15 шілде түнгі сағат бірден ағуғанда қозғалғанбыз. 13-14 сағат өгізаянмен жүрген ескі пойыз шақырайған күн астында сағынша созылған темір жолды тұс ауа әрең жұтты-ау... Жол бойы Сарыөзек, Үштіөбе, Матай, Лепсі, Бескөл, Ақши, Көктума сияқты бекеттерді басып өтіп, Жаланаңкөлге бір-ақ тоқтадық. Одан ары «Достық» бекеті ғана бар.

БАРҚЫТБЕЛ БАУРАЙЫНДАҒЫ БЕС КҮН

Арғы жағы – Қытай. Өзі тасбакадай тартылып, тарамыстай созылып келе жатқанда стансаға тоқтағанының өзі жүйкеге көдімгідей салмақ салады екен. Құлды құдаларды күткендей, әр стансада жарты сағаттан кем тұрмайды. Ондайда жолаушы мен жол бойындағы жұрттын назары қасиымыздағы ел танитын азаматтарға ауа берді. Ары өткені де, бері өткені де Жүрсін Ерманды танып, амандасып, суретке түсіп жатқандары. Жүкеннің қалжыны қалсын ба, өзі де тауып айтқыш кісі: «Тегін дүние жок. Бір фото – 2 мың теңге» деп күлдіріп жатыр.

Содан не керек, Жаланаңкөлге сиыр түсте жеттік. Одан арғы бағытымыз Мәканшы ауданының Қабанбай ауылы. Қабанбай ауылының тұсындағы Алакөл жағалауы. Жол жаман емес. Тактайдай болмаса да, анау ескі пойыз құсап ұрып-соқпады, қағып-сілкімеді.

Максатымыз – айқын: әйгілі жазушы, этнограф, баспагер, фольклортанушы Зейнолла Сәніктің атажұртында болып, қаламгердің атына берілген көшенің ашылу салтанатына қатысу. Одан кейін Тәуелсіздіктің 30 жылдығы мен Жүрсін Ерманның 70 жылдығына орай өткізілген айтысқа қатысу. Қаламгерлер мен баспасөз өкілдеріне ел көріп, қасиетті Алакөлде бес күн алансыз демалу мүмкіндігін сыйлаған «Зейнолла Сәнік атындағы мәдениет қоры» екенін айта кетейік.

Сонымен күн ұясына батпай қонатын жерімізге жеттік. Көл жағасындағы ағаштан салынған екі қабатты демалыс үйі. Алакөлдін тамағына тіреліп салынған үй, шынымен, жанға жайлы екен. Көлден ескен салқын самал, көгілдір толқын, көбікті су жағадағы малта тастарды соғып, Барқытбел баурайына ерекше сән қосып жатқандай.

Негізгі шараның бәрі 16 шілдеге жоспарланған. Алдымен Ұржар ауданында Зейнолла Сәніктің атына берілген көшенің ашылу салтанаты өтеді. Одан кейін айтыс, кездесу, ас...

Жолға шықтық. Жолбасымыз – қордың қызметкері, ақын-журналист Жарқын Сәленұлы. «Мәканшының Қабанбай ауылынан

Ұржар ауданына дейін екі сағаттай жүреміз. Жол жақсы. Барқытбелдің нағыз жасыл желегін кешіп өтесіздер. Арал мен Маңғыстауда жер қуарап, мал жұтап жатыр. Ал мұнда жасыл шалғын. Жер жәннаты осы шығар» деп көз ұшына дейін көгілдір сағымдай созылған далаға қарайды. Біз де жусаны жұпар аңқыған Барқытбелдің баурайынан көз ала алмай келеміз.

Жер әлем қапырық ыстықтан жанып-күйіп, өртеніп тұрғанда, Ұржардың аспанына туырлықтай бүлт ілінсін. Сөйтті де, себезгілеп жанбыр жауа бастады. Біз де Зейнолла Сәнік көшесіне жетіп қалғанбыз. Батыр Бауыржан Момышұлының келіні Зейнеп Ахметова көліктен түсіп жатып: «Бұл жанбыр емес, Алланың нұры. Жақсы адамның артындағы игі іске Құдай да нұрын шашып тұр» – деп мейірленсін.

Зейнолла Сәнік көшесінің ресми ашылуына Алматыдан барған қонақтардан бөлек, жергілікті әкімдік өкілдері мен сол өңірден шыққан күйші Секен Тұрысбек, Қазақстан Жазушылар одағының төрағасы Ұлықбек Есдәулетов, тағы басқа зиялы қауым өкілдері жиналыпты. Аудандағы ең ұзын көшеге аты берілген қаламгердің құрметіне келген қонақтар сөз сөйлеп, Зейнолла Сәнік туралы естеліктерімен бөлісті. Ал Ұржар ауданының әкімі Нұржан Тілеужанұлы сол көшеде тұратынын айтып, қор басшылығына ризашылығын білдірді: «Бүгін қасиетті Ұржар жерінде үлкен қуаныш. Белгілі жазушы, этнограф, тарихшы, баспагер Зейнолла Мұбаракұлы

отбасы мен ағаның отбасы жібін үзбей араласып келеді. Кез келген жетістікке жеткен ер-азаматтың артында әйелі тұрады. Сол ағаның жарқырауына үлкен еңбегі сіңген, өзі де керемет акын, ұстаз Шәмшабану тәтемізге ұзақ ғұмыр тілеймін. Адам ұрпағымен мың жасайды десек, бұл жағынан Зейнола ағам бақытты» – деп жүрекжарды сөзін айтты.

Қазақстан Жазушылар одағының төрағасы Ұлықбек Есдәулетке де сөз берілді. Ұ.Есдәулет: «Осы жерде ауданның әкімі Нұржан Тілеужанұлы «Мен сол Сәнік көшесінде тұрамын» деп мақтанышпен айтқанына куә болдым. Өте бір даңғыл, жақсы көше екен. Болашақ көшеімен ұласып жатуының символдық мәні бар деп есептеймін. Шығыс

докторы, профессор Темірхан Тебегеновтың біртұтас қазақ әдебиеті қытайдағы және атажұртқа оралған акын-жазушылардың шығармашылығы туралы зерттеу монографиясы



жарық көрген. Сәуір мен мамыр айларында Астана, Семей қалаларында Зейнолла Сәніктің 15 томдығының таныстырылымы мен ғылыми бағыттағы басқосу өтті. Әдебиеттанушы Жолдасбек Мәмбетовтың «Зейнолла Сәніктің шығармашылық мұрасы» монографиясы жарық көрді. Мәдени қордың демеушілігімен «Ділмар» шешендік өнер байқауы екі мәрте өтсе, Абай атындағы мамандандырылған мектеп интернатымен бірлесе ұйымдастырылған өнер байқауы жас ұрпаққа тәлім мен тағылым алуына мүмкіндік берді. Жас қаламгерлерді қолдау мақсатында жазушы Ырысбек Дабейдің «Жылқы атылған жаз» кітабын көбейтіп шығаруға көмектескен. 2019 жылы Алакөл жағасында «Ел айбыны, жыр айдыны – Алакөл» атты республикалық акындар айтысын өткізді.

Сол жылы қазан айында қордың демеушілігімен Орал қаласында «Жыр – ғибрат» батыс аймақтық жыршы-термешілер фестивалі Қадыр Мырзаәлі орталығының қолдауымен ұйымдастырылды. Сондай-ақ қордың ұйыты болуымен Шығыс Қазақстан облысы Тарбағатай ауданы Ақсуат ауылында халықаралық деңгейдегі бокс ұйымдастырылды. Ал былтыр осы қор 1 млн 200 мың теңгеге «Қазақ әдебиеті»,



өңірінде Қайрақбай күйші деген болған. Қайрақбай күйші арғы бетте қалғанда, бергі беттегілерге оның



үзіліп-үзіліп күйлері жеткен. Сол мұраларды жарқыратып шығарған, көптеген тарихи тұлғаларды елге танытқан Зейнолла ағамыздың еңбегі зор. Біз осындай тұлғаларымызбен мақтануымыз керек. Зейнолла Сәнік атындағы көшенің тұрғындары бақытты болсын!», – деп қысқа қайырды.

Зейнолла Сәнік көшесінің ашылуына айтыскер акын Ерлан Аманқожа арнау айтып, апаларымыз шашу шашты. Одан кейін Ұржардың мәдениет үйінде аудан өнерпаздарының шағын концерті болды. «Зейнолла Сәнік атындағы мәдени қордың» ұйтқы болуымен жарық көрген «Барқытбел баурайындағы жыр» жинағының тұсаукесері өтті. Жинаққа Әсет Найманбаевтан бастап, осы өңірден шыққан талантты акындардың туындылары топтастырылыпты.

Осындай игі іс істеп, қазақ руханияты үшін ұшан-теңіз жұмыс атқарып отырған «Зейнолла Сәнік атындағы мәдениет қоры» бұған дейін де талай істің басында болды. Мәселен, 2018 жылы құрылған қор небәрі үш жылдың ішінде әдебиет, мәдениет, өнер, спорт, ғылым, баспасөз бен жастарды қолдау, әлеуметтік көмек көрсету сынды бірнеше салаға демеушілік жасап келеді.

Айталық, 2018 жылы қордың қаржылай қолдауымен филология ғылымдарының

«Жұлдыз» журналы, «Ана тілі», Jas qazaq газеттерінің әрбіріне 40 данадан, «Ақжелекен» журналы мен «Ұлан» газетінің әрқайсына 51 данадан Ұржардағы мектептерге бір жылға жаздырып берді.

Айтпақшы, бұл шара былтыр өтуі тиіс еді. Бірақ індетке байланысты биылға шегеріліпті. «Зейнолла Сәнік атындағы мәдениет қорының» қаржыландыруымен осы іс-шараға қатысқан барлық қонақтарға Алакөлде 5 күндік демалыс ұйымдастырды. Мұндай демалыс қалам ұстаған



акын-жазушы, журналистер үшін жанына шуақ, бойына қуат бергені анық.

Жарас КЕМЕЛЖАН

«Qolda»

Алматыда Орталық Азияның Еуразия Қоры «Шеврон» компаниясымен серіктестікте жүзеге асырып отырған жедел жәрдем бағдарламасы шеңберіндегі гранттық байқауы аяқталды. «Qolda 3.0» жобасының үшінші кезеңі азаматтық қоғамның әлеуметтік мәселелерді шешу мен төтенше жағдайлар кезінде өзекті тиімді әрекет ету қабілетін арттыруға бағытталған.

Байқауға 66 үкіметтік емес ұйым (ҰЕҰ) қатысты. Грант комитеті еліміздің 14 аймағынан 16 ҰЕҰ жобаны таңдады. Жобаларды 6 ай ішінде, 2021 жылдың 21 шілдесінен 2022 жылдың 15 қаңтарына дейін жүзеге асыру жоспарланған. «Qolda» жобасы туралы толығырақ ақпаратпен <http://qolda.org/> ресми сайтында және https://www.instagram.com/efca_kz/ әлеуметтік паракшасында танысуға болады.

Еске сала кетейік, бағдарламаның бірінші кезеңі 2020 жылдың 23 сәуірінде

басталып, Нұр-Сұлтан мен Алматы қалаларын қамтыды. Негізгі мақсат – халықтың әлеуметтік осал топтарына азаматтық және волонтерлік ұйымдарының көмегін үйлестіру арқылы карантиндік және төтенше

жағдайлардың халыққа теріс әсерін азайту болды. Бағдарламаны жүзеге асыру барысында қазақ тілінде пандемия мен карантин туралы сапалы мазмұндағы материалдар саны айтарлықтай көбейді. «QOLDA»

ӘЛЕУМЕТКЕ КӨМЕК



бағдарламасының бірінші кезеңінің гранттары (*Qolda 1.0*) Нұр-Сұлтан мен Алматы қалаларынан 11 ҰЕҰ-ға, сондай-ақ 7 БАҚ-қа берілді. 2020 жылдың 23 сәуірі мен 23 тамызы аралығында 11 ҰЕҰ 2000-ға жуық мұқтаж отбасыларына көмек көрсетті, шағын және орта бизнес өкілдеріне 1400-ден астам консультациялар, 5 диспансерлік емханаға 2300 түскі және кешкі ас берілді.

2020 жылдың 9 қарашасында «QOLDA» шұғыл көмек бағдарламасының екінші кезеңі (*Qolda 2.0*) басталды. Қазақстанның 8 облысынан 12 ҰЕҰ грант жеңіп алды. Үкіметтік емес ұйымдар Қазақстанның 14 аймағындағы 27752 бенефициарға қолдау көрсетті. 5 194 отбасы гуманитарлық көмек алды, оның ішінде аз қамтылған көпбалалы отбасылар, мүгедек балалары бар отбасылар, көмекке мұқтаж



бұрын сотталған азаматтар. Өз-өзіне қол жұмсау әрекетіне барған зорлық-зомбылық құрбандары – әйелдер мен балалар, суицидке бейім адамдар, мүмкіндігі шектеулі балалардың ата-аналарымен жалпы саны 1788 психологиялық терапия өткізілді. 3 қоғамдық өзара көмек көрсету қызметі құрылды.

Мақпал НОҒАЙБАЕВА



18 тамызда ҰҚК шекара қызметінің жеке құрамы қабырғасының қаланғанына 29 жыл болады. Бұл – отаншылдық пен патриоттық рухтың кепілі. Өйткені еліміздің қасиетті шекарасын көздерінің қарашығындай күзету – шекарашылардан ең алдымен осынау қасиеттерді талап етері хақ.

Жуырда ҰҚК шекара қызметінің Жамбыл облысы бойынша департаментіне қарасты Қордай ауданы бойынша шекара баскармасының оқу базасында шекаралық бөлімше басшыларының орынбасарларына арналған оқу-жаттығу жиыны өтті. Лайықты бағасын беру керек, жиынның басты мақсаты — жас офицерлердің шекарашылық шеберліктерін шыңдап, сынақтан өткізу болатын. Сондықтан ҰҚК шекара академиясын бітіргендеріне көп уақыт болмаған офицерлер 3 шақырымдық, 100 метрлік қашықтыққа жүгіруден, қару түрлерінен нысана көздеуден жарысты. Сондай-ақ түрлі дәрістерге қатысып, еліміздің онтүстігі мен солтүстігінде, шығысы мен батысында қызмет атқарып жүрген жас лейтенанттар бір-бірімен тәжірибе алмасуға мүмкіндік алды. Осылайша, түп-тура бір айға созылған жиынды қорытқан Қазақстан Республикасы ҰҚК Төрағасының орынбасары — Шекара қызметінің директоры генерал-лейтенант Дархан Ділманов сынақты үздікке тапсырып, жауынгерлік даярлық қызметінен дараланғандарды марапаттады. Солардың ішінде Алматы облысы бойынша департаментінің қос офицері бар. Екеуі де аталмыш департаментке қарасты Қарасай ауданы бойынша шекара басқармасында



Санат БАЗАРҚҰЛ

қызмет атқарады. Олар — аға лейтенанттар Санат Базарқұл пен Қайырбек Таубай. Оқу-әдестемелік жиын кезінде оқуда көрсеткен үздік көрсеткіштері, жеке тәртібі, сондай-ақ ынта-жігері үшін шекара ведомствосы басшысының грамотасымен марапатталған қос әріптесіміз «Қаскелең» және «Қарғалы» шекара бөлімшелерінде қызмет атқарады. Екеуі де ҰҚК шекара академиясының 2019 жылғы түлектері. Бірі — Алматы қаласында туып, осында ержетсе, екіншісі — Батыс Қазақстан облысының Сырым ауданына қарайтын Өленті деген ауылдың тумасы. Екеуі де жанұяларынан бірінші шыққан шекарашылар.

Сүйінші жаналық құлағымызға тиісімен, дараланған әріптестерімізді жеке құрамға үлгі ету мақсатында қос шекарашымен кездескен едік. Сондықтан еліміздің қазақ-қырғыз шекарасына жасаған журналистік сапарымыз сәтті өтіп, ең алдымен, жас офицерлердің ел шебіндегі қызметтерін суретке түсірген соң сұхбаттасуға мүмкіндік алдық.

Аға лейтенант Санат Базарқұл Алматы қаласында туып-өскен. Мектеп бітірген соң таңдауы шекарашы мамандығы болып, ҰҚК шекара академиясына түседі. Ол: «Шекарашылардың білім шаңырағында өткен төрт жылдың ішінде оқудан ғана емес, спорттан да дараландым. Әсіресе, жеңіл атлетикадан үздіктердің қатарында болдым. Оқуымды бітіріп, алғашқы офицерлік шенімді алған соң жолдамамен Панфилов ауданы бойынша шекара басқармасының «Өсекк» шекара



ШЕКАРА ШЕБІНДЕ



Қайырбек ТАУБАЙ

бөлімшесіне жіберілдім. Сондықтан менің жолым болды деп есептеймін. Өйткені, өзім қызмет атқарған шекара бөлімшесін өткен ғасырдың 80-ші жылдары шекара қызметінің есімі аңызға айналған саңлақ сардарларының бірі полковник Тұрғанбек Стамбеков басқарған. Мұнда бізге — кіші буын офицерлерге өшпес үлгі бола білген сардардың өз қолымен еккен ағаштары әлі күнге дейін жайқалып тұр. Ал бөлімшенің тұрған жері құм болғандықтан, ағаш — оның ішінде жеміс ағаштарын егу — қаншалықты күшке түскенін көз алдыңызға елестете берініз.

Бір жылдан соң «Қаскелең» шекара бөлімшесіне ауыстым. Бөлімше таулы аймақта. Сондықтан қызметіміз де ауырлай түсті. Себебі тауға келетін туристерден бөлек, жат пиғылды адамдар да кездесуі мүмкін», — дейді.

С.Базарқұл сөзін жалғап: «Жиынның бізге үйреткені көп болды. Таңғы 6:00-ден

қазақша күрестен «Спорт шеберлігіне үміткер» деген атағы бар. Ол: «Жиынның екі сынағынан да жоғары көрсеткішке қол жеткіздім. Негізі, ҰҚК шекара қызметінің тарихында алғаш рет өткен жиын кезінде, біз академияның қабырғасына қайта оралғандай күй кештік. «Қайталау — білім анасы» дейді ғой. Оның үстіне, шілденін аптап ыстығы да біздің шекарашылық шеберлігіміздің одан сайын шыңдағандай болды. Ең бастысы, шекарашы офицер атанған екі жылдың ішінде мен өзімнің толысып, тәжірибе жинағанымды түсіндім» — дейді.

Осылайша, өздерінің мықты офицер болып қалыптасқандарын көрсеткендері үшін ҰҚК Төрағасының орынбасары, шекара қызметінің директоры генерал-лейтенант Д.Ділмановтың грамотасын иеленген қос офицер Алматы облысы бойынша департаментінің мақтанаштарына айналды. Данқты қолбасшы Бауыржан Момышұлының «Жаттығуда көп тер төксең, ұрыста қиналмайсың» деген қанатты сөзі бар. Жиында дараланған офицерлер



үшін шекараның даңғыл жолы ашық. Әрі өздерін шекарасыз елестете алмайтын жас офицерлердің бойындағы отаншылдық рухы да жиын кезінде аз рөл ойнамағаны анық.

Тәуелсіз Қазақстанның шекарасы осындай діні мықтыларды қажет етеді.

Тамара ДӘУЛЕТБАЕВА,
ҰҚК Шекара қызметінің запастағы подполковнигі

бастап, түнгі 22:30-ға дейін жалғасқан жиында өзіміздің жауынгерлік даярлығымызды сынға салдық. 3 шақырымға, 100 метрлік қашықтыққа жүгіруден, темір белдеуге тартылудан, нысана көздеуден жарыстық. Дәрістерді өзіміз секілді бөлімше бастығының орынбасарынан — шекара басқармасы бастығының орынбасары секілді қызметті сәтті көтерілген сардарлар берді. Жиынға тартылған әскери зангерлер шекара аймағының тәртібін бұзушылармен зан тұрғысында қалай жұмыс істеу керектігін егжей-тегжейлі үйретті», — деп өзінің алдағы уақытта бөлімше басқаруға тас-түйін дайын екенін білдірді.

Аға лейтенант Қайырбек Таубай қызмет атқаратын «Қарғалы» шекара бөлімшесі де таудың ішінде. Сондықтан мұнда да шекарашыларға тау ішін бөгде көзден күзету үшін күні-түні аттан түспеуге тура келеді. Еліміздің батыс өңірінде туған Қайырбектің



Жырдан шашу шашылды

Шығыс Қазақстан облысының Ұржар ауданында Тәуелсіздіктің отыз жылдығына орай ақындар айтысы өтті. «Зейнолла Сәнік атындағы мәдениет қоры» ұйымдастырған жыр додасына өліміздің бөлгілі айтыс ақындары қатысып, егемендіктің қадір-қасиетін тілге тиек өтті.

Айтыстың жас перісі Мейірбек Сұлтанхан Тәуелсіздіктің отыз жылдығы туралы айта келіп: *Егемендік дегенің ертегі емес, Тәуелсіздік дегенің — бар байлығым. Отыз жылда қазағым қайта тұрды, Қайта туды төбемде жсайған күнім. Оралыңның барында жырла бәрің, Екі егемендік болмайды, қайдан күнім?!* *Қадіріне жетіңдер Отаныңның, Отаныңнан басқасы жалған, күнім* — деп жырлады. Ақындар ата-бабамыз аңсап жеткен егемендіктің қадір қасиетін, ғасырлар бойы армандаған тәуелсіздіктің мән-маңызын өленте өрнектеп отырып қосты.

Отыз жылда атқарылған жұмыс, қол жеткен жетістік — бәрі де жырға арқау болды. Әсіресе, әлемнің төрт бұрышына тарыдай шашылған қандастарды атажұртқа жинау осы айтыстың басты тақырыбының бірі еді. Өйткені айтысты «Зейнолла Сәнік атындағы мәдениет қоры» ұйымдастырып отыр. Зейнолла Сәнік - Тәуелсіздікпен бірге атажұртқа келген қандастардың бірі. Ол — шеттегі қазақ әдебиетінің озық өкілінің бірі еді. Сондай-ақ ол қазақ руханиятына өшпес үлес қосқан көрнекті тұлға. Жазушы, этнограф, баспагер, фольклортанушының қазақ әдебиеті мен қазақ тарихының алтын қорына қосқан еңбегі ұшан-теңіз.

Жыр додасының қорытындысы бойынша, айтысқа қатысқан 10 ақынның төртеуіне ынталандыру сыйлығы табысталды. Олар: Қазірет Бердіхан, Ерлан Аманқожа, Марат Ахметов, Айсәуле Бейсенхан. Ал 3 орынның жүлдесі 3 ақынға бұйырды. Олар — Ерлан Дәулет, Мейірбек Сұлтанхан, Нұрлан Есенқұлов. Екінші орынды — Серік Қуанған алса, 1 орынды Қанат Мырзахан еншіледі.

Айтыстың бас жүлдесін «Алтын домбыраның» үш дүркін иегері Мұхтар Ниязов иеленді. Оған «Зейнолла Сәнік атындағы мәдениет қоры» тағайындаған 1 миллион теңге бұйырды. Аталмыш қор бірнеше жылдан бері ақындар айтысын жылда осы уақытта Алакөл жағасында өткізуді дәстүрге айналдырып отыр.

Жарас ШӨКЕ



БӘРІНЕ ОРТАҚ ЖУРНАЛИСТИКА



Jas qazaq газеті мен Chevron компаниясының бірлескен жобасы



Жобаның мақсаты – мүмкіндігі шектеулі жандардың ақпарат, мақала, сұхбат сияқты журналистика жанрларын меңгеріп, сауатты жазуға бейімдеу. Қазір журналистикаға құмар жандар компьютерлік сауаттылық, мерзімді баспасөз, дизайн, тележурналистика бойынша дәріс алып, практикалық тәжірибесін шыңдап жатыр. Оқырман назарына Аман Данияровтың жазған дүниесін ұсынамыз.

Аман Данияров:

Жас чемпиондар көбейер еді

Спортқа бала күннен құмармын, оның ішінде боксты ұнатамын. Кішігірім өз ойыммен бөлісе кетейін. Қазақстанда жалпы әлем чемпионы — орта салмақта қатты сокқыларымен қарсыластарын нокаут, нокаунге жіберіп, рингті дүр сілкіндірген Геннадий Головкин.

Маған Генаның бокстасу тәсілі, әсіресе, оң қолының сокқысы ұнайды. Кейінгі шыққан мексикалық боксшы Сауль Альвареспен жекпе-жегі аса қызықты болды. Екеуі де 12-раундтың аяғына дейін төтеп берді. Керемет әсер алдым. Аяғына дейін көрдім.

Бір қызығы, бірінші төреші жеңісті Альвареске берді. Ал екінші төреші Геннадийге берді. Сондай талас болды. Ал үшінші төреші болса, тепе-тең деп шешті. Дегенмен Геннадий чемпиондық атағын сақтап қалды. Әлемдік рейтингте ол орта салмақтағылар арасында ең мықты боксшы болып есептеледі. Қазақстандық боксшының жетістігі американдық Майк Тайсонның рекордынан асып түсті.

Елімізде жастарымыз иман мен спортқа көңіл бөлсе, Гена сияқты чемпиондар көбейе түсер еді.



Бас редактор — директор Срайыл СМАЙЫЛ Редакция алқасы:
Жарас КЕМЕЛЖАН жауапты хатшы
Ғалия ҚАЛИЕВА компьютер орталығының жетекшісі
Тілшілер мен қызметкерлер:
Гүлнар АХМЕТОВА — экономика, нарық
Макпал НОҒАЙБАЕВА — арнаулы тілші
Қуаныш РАХМЕТ — жастар және ғылым
Кәмшат ТӨЛЕШОВА — теріміші
Айдос ҚҰСАЙЫНҰЛЫ — web-caim

Аймақтағы меншікті тілшілер:
Байкен ҚӨБЕЕВ — Акмола және Солтүстік Қазақстан облыстары (8 778 910 45 34)
Қажет АНДАС — Алматы облысы (8 747 706 13 82)
Баян ЖАНҰЗАКОВА — Атырау облысы (8 702 426 69 05)
Мәриям АЙТБАЙ — Шымкент қаласы
Ернұр КЕНЖЕБАЙ — шолушы
Ұлдай САРИЕВА — Батыс Қазақстан облысы (8 705 150 48 30)
Кезекші редактор Макпал НОҒАЙБАЕВА

Шығарушы: «Аманат Медиа» ЖШС
Директордың орынбасары Мейрамбек ҚҰЛМҰХАМЕДОВ
Бас есепші Расима ӘКІМБЕКОВА
Газет 2004 жылы 14 желтоқсанда тіркелген. 2020 жылдың 19 ақпанында ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде қайта есепке тұрып, № KZ23VPY00020470 куәлігін алды. Мақала авторының пікірі редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнама мәтініне тапсырыс беруші жауапты.
Газетте жарияланған материалдар мен суреттерді сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Редакцияның мекенжайы: 050012, Алматы қаласы, Мәуленов, 85 үй, №61 кеңсе, 3-қабат (<i>Бөгенбай батыр көшесінің қиылысы</i>) Телефондар: 8(727) 272-43-39; 272-43-25 Бухгалтерия: тел.факс: 8(727) 272-46-22 (жарнама бөлімі)
Газет «Дәуір» ЖШС РПИК (Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17-үй) тел: (727) 273-12-04, 273-12-54 Тапсырыс — №2272; Бағасы келісім бойынша
Апталық таралым — 5000 дана
<i>Газет Қазақстанның барлық аймақтарында таралады, сондай-ақ «Alt-Astana» әуежайының ұшақтарында бар.</i>